

**Б. Тұрмашева, С. Салиш, В. Пугач**

# ДҮНИЕТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық

# 4

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 20.1я71  
Т 86

*Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



Есіңе түсір!



Топтық жұмыс



Сұрақтар мен тапсырмалар



Бақылау, зерттеу



Жұптық жұмыс



Шығармашылық жұмыс



Өздік жұмыс



Сұхбат, талқылау



Жоспарлау, жобалау



Есіңе сақта!



Картамен жұмыс



**Тұрмашева Б. т.б.**

**Т 86 Дүниетану:** Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Б. Тұрмашева, С. Салиш, В. Пугач. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-494-5

**ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 20.1я72**

ISBN 978-601-331-494-5

© Тұрмашева Б., Салиш С.,  
Пугач В., 2019  
© «Атамұра», 2019

# МАЗМҰНЫ

## I. МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

- |   |    |
|---|----|
| 1. Еліміздің әкімшілік аймақтарға бөлінуі.....        | 8  |
| 2. Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы..... | 12 |
| 3. Адамның шаруашылық қызметі және табиғат.....       | 17 |

## II. ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- |   |    |
|---|----|
| 4. Отбасының қоғам өміріндегі маңызы..... | 22 |
| 5. Біздің отбасылық бюджетіміз.....       | 25 |
| 6. Мектептегі өзін өзі басқару.....       | 28 |
| 7. Көшбасшы қандай болу керек?.....       | 30 |
| 8. Әр алуан тапсырмалар.....              | 32 |

## III. МӘДЕНИ МҰРА

- |   |    |
|---|----|
| 9. Қазақ халқының шығу тегі.....                            | 36 |
| 10. Қазақстанның экономикадағы жетістіктері.....            | 42 |
| 11. Қазақстанда ғылымның дамуы.<br>Ғалым Қаныш Сәтбаев..... | 46 |
| 12. Тарихи мұражайлар не үшін қажет?.....                   | 49 |

## IV. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

- |   |    |
|---|----|
| 13. Қандай кәсіби мерекелер бар?.....                   | 54 |
| 14. XX–XXI ғасырларда Қазақстан мәдениетінің дамуы..... | 58 |
| 15. Спортта жарақаттанудың алдын алу шаралары.....      | 62 |
| 16. Әр алуан тапсырмалар.....                           | 65 |

## V. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

17. Адам өміріне климаттың әсері қандай? .....	68
18. Сен тұратын аймақта қандай катаклизмдер болуы мүмкін?.....	72
19. Катаклизм кезіндегі менің қауіпсіздігім.....	76
20. Жасанды ортадағы қауіп-қатер.....	80
21. Жасанды ортадағы менің қауіпсіздігім .....	84

## VI. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

22. Менің өлкемнің ауылшаруашылығы .....	90
23. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні.....	93
24. Глобус және карта .....	97
25. Глобус және географиялық картамен жұмыс .....	102
26. Әр алуан тапсырмалар .....	105

## VII. ҒАРЫШҚА САЯХАТ

27. Қазақстанның білім берудегі жетістіктері .....	108
28. Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері.....	111
29. Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі .....	114
30. Менің құқықтарым мен міндеттерім .....	118


## VIII. БОЛАШАҚҚА САЯХАТ

31. Менің туристік маршрутым.....	124
32. Тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейін.....	128
33. Қазақстанның әлемдегі бейнесі .....	132
34. Әр алуан тапсырмалар .....	135
Сөздік.....	137



## Қымбатты оқушы!

Сен 4-сыныпта «Дүниетану» пәнін оқуды әрі қарай жалғастырасың. Оқулықта отанымыздың ХХ–ХХІ ғасырлардағы тарихи оқиғалары мен адами құндылықтар қамтылған. Бұл – сенің ата-әжелерің өмір сүріп, еңбек еткен, ата-анаң дүниеге келіп, білім алған кезең.



Оқулықтан ел өміріндегі маңызды оқиғалар мен халқы үшін еңбек еткен азаматтар туралы біле аласың. Тарихымызбен таныса отырып, Отанға деген сүйіспеншілігіңді арттырасың.

Отбасы қадірін түсініп, отбасылық бюджетті дұрыс есептеудің құпияларын меңгересің. Мектептегі өзін өзі басқарудың жолын біліп, көшбасшының қандай болатынына көңіл аударасың. Мектеп сенің болашақ өмірің үшін маңызды екенін түсінесің.



Жер бетіндегі баға жетпес байлық – адам өмірі. Сондықтан қоршаған ортадағы қауіпсіздік ережелерін еске түсіресің. Өмірің мен денсаулығыңды сақтау үшін төтенше жағдайларда не істеу керектігін білесің.

Еліміздің шаруашылығымен танысып, адам іс-әрекетінің табиғатқа қалай әсер ететінін түсінесің. Өлкеңдегі өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы қалай дамып жатқанымен танысасың.



Уақыт бір орнында тұрмайды. Тәуелсіз Қазақстан экономика мен мәдениетте үлкен жетістіктерге жетті. Сен Қазақстанның әлемдегі беделін арттыруға үлес қосқан ұлттық брендтерден мысал келтіріп, оларды жасауға өзің де атсалысасың.

Бүгінгі ақпарат ғасыры тың жаңалықтарға толы. Уақыт көшінен қалмау үшін сен мектептен алған біліміңді тереңдетіп, дамыту керектігін ойланасың.

Картаны «географияның тілі» деп атайды. Сен құрлықтар мен мұхиттарға ойша сапар шегіп, картадағы «параллельдер» мен «меридиандар» деп аталатын сызықтардың не үшін қажет екенін білесің. Біздің көгілдір ғаламшарымыздың қаншалықты әдемі екеніне көз жеткізесің. Табиғатты ластанудан сақтаудың жолдарын ойластырып, экологиялық проблемаларды шешудің жобасын ұсынасың.



# I. МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

## БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- еліміздің қандай әкімшілік аумақтарға бөлінетінін білесің;
- экономикалық қызметтің түрлерімен танысасың;
- өз өлкеңнің экономикалық жағдайын сипаттауды үйренесің;
- өз жеріңде атқарылатын шаруашылық түріне талдау жасайсың.





# 1- сабақ

## Еліміздің әкімшілік аймақтарға бөлінуі

### СЕН

– «әкімшілік аймақ» дегеннің не екенін білесің.

### СЕН

– әкімшілік аймақтарды бір-бірімен салыстыруды үйренесің.

**Тірек сөздер:** өлке, облыс, аудан.



Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығының ортасында орналасқан тәуелсіз мемлекет. Халқының саны 18 млн адамнан асады. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.




«Қазақстан аумағының әкімшілік аймақтық картасына» қараңдар. Одан қандай ақпарат алуға болады? Еліміздің аумағы қандай бөліктерге бөлінеді? Оларды атап, картадан көрсетіңдер.

Біз өзіміздің туған өлкемізді сүйеміз. Сөздіктен «өлке» сөзінің мағынасын қара. Адам өзі тұратын елді, облысты, қала немесе ауылды **туған өлке** деп атайды.



Картадан өзің тұратын облысты көрсет. Облысыңның әкімшілік орталығы қай қала? Өлкеңдегі облыс орталығы туралы не айта аласың? Сен тұратын облыс қандай облыстармен шектеседі?

Қазақстан аумағының әкімшілік аймақтық картасы



Қазақстан аумағы 17 әкімшілік аймаққа бөлінген. Олар – 14 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент).

### Республикалық маңызы бар қалалар



Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан



Алматы



Шымкент

2018 жылы Шымкент қаласының халқы 1 миллионға жетті. Шымкент «республикалық мәртебесі бар үшінші қала» атанды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Картада Түркістан облысы пайда болды.



Қалай ойлайсың, не себепті облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді?



Картадан (9-беттегі) еліміздің астанасын тауып көрсет. Ол қай облыста орналасқан? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба? Нұр-Сұлтан қаласы туралы не білесің?



## Қазақстанның ауылшаруашылығы мен өнеркәсібінің карта сызбасы



### Шартты белгілер:

	етті-сүтті мал-шаруашылығы		қой-шаруашылығы		көмір өнеркәсібі
	жылқы-шаруашылығы		балық-шаруашылығы		мұнай өнеркәсібі
	түйе-шаруашылығы		егін-шаруашылығы		газ өнеркәсібі
	марал-шаруашылығы		орман-шаруашылығы		су көлігі
			мақта-шаруашылығы		ғарышайлағы



«Қазақстанның ауылшаруашылығы мен өнеркәсібі карта сызбасына» мұқият қара. Қазақстанның әр облысы несімен танымал екенін айтып бер.

Әр облыс өз алдына бірнеше әкімшілік аймаққа, **ауданға** бөлінеді.



Өзің тұратын облыстың картасына қара. Оның құрамында қандай аудандар бар? Ол аудандар несімен танымал екенін анықта.



Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, өз облысың туралы ақпарат жина. Облысыңның қандай ерекшеліктері барын біл.

# 2- сабақ

## Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы

### СЕН

– экономикалық қызметтің субъектісі туралы білесің.

### СЕН

– өлкеңдегі экономиканың түрлі салаларын сипаттауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** өнеркәсіп, ауылшаруашылық, экономика.

Ауылшаруашылығында еңбек ететін адамдар егін егеді, мал өсіреді. Оның өнімдері өнеркәсіпте өңделіп, халық тұтынатын тауарға айналады.



«Еңбек», «шаруашылық қызмет» деген сөздерді қалай түсінесің?

Қоғам мен мемлекеттің еңбексіз дами алмайтыны туралы оқығаныңды (3-сыныптан) есіңе түсір.

Елімізде шаруашылықты ірі және ұсақ кәсіпорындар, зауыттар мен фабрикалар жүргізеді. Оларды **экономикалық қызметтің субъектілері** деп атайды.

**Экономика** – еліміздің шаруашылық қызметі.

Экономикалық қызмет түрлеріне өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және қызмет көрсету саласы жатады.

*Бұл терминдердің нені білдіретінін топта талқылаңдар.*



Келесі бетте берілген анықтамалар экономика саласының қай түрін сипаттайды?

Шаруашылық қызметінің орманшаруашылығы, егіншаруашылығы, малшаруашылығы салалары – ...

Шикізатты өңдейтін фабрика, зауыт, өндіріс орындары – ...



Суреттерде шаруашылықтың қай түрі бейнеленген?



*сиыр фермасы*



*тігін фабрикасы*



*маргарин шығаратын зауыт*



*мұнай өңдейтін зауыт*

Еліміздегі өнеркәсіптің негізгі саласына жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды игеру жатады.




«Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасына» қара (14-бетте). Сен қандай пайдалы қазбаларды білесің? Пайдалы қазбалардың шартты белгілерімен таныс. Оларды өндіретін орындар Қазақстанның қай аймағында орналасқан?



Біздің еліміз пайдалы қазбаларға өте бай, бірақ жерастындағы қор шектеулі. Сондықтан жерасты байлығын қорғап, үнемді пайдалану қажет!



Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасы





Кластерге мұқият қараңдар. Еліміздегі кәсіпорындар экономикалық қызметтің қай түрімен айналысады? Мысалдар келтіріңдер.



Әр шаруашылық қызметінің өз ерекшелігі бар. Ауылшаруашылығын өркендету үшін пайдаланатын жер аумақтары қажет. Сонымен бірге табиғат жағдайы да қолайлы болғаны жөн. Өнеркәсіпті дамыту үшін шикізат керек. Ал шаруашылықтың барлығы адам еңбегінсіз атқарылмайды. Себебін түсіндіріңдер.



Табиғат қоры таусылған жағдайда адам шаруашылықты қалай жүргізеді? Ойлан!

Экономиканың басты міндеті – табиғат байлығын мейлінше үнемдеп, ұзақ уақыт бойы адам игілігіне жарататындай етіп қолдану.

*Экономика не себепті мұндай міндет атқарады?*



«Біздің облысымыздағы кәсіпорындардың шаруашылық қызметі» деген тақырыпта әңгіме дайындаңдар. Бұл ақпаратты қайдан алуға болады?



1. Күнделікті тұрмыста қолданатын заттарды қандай пайдалы қазбалардан алатынын үлкендерден сұра. Оларды қандай өнеркәсіпте жасайтынын біл.

2. Жыл сайын дүкен сөрелерінде отандық өнімдердің саны артып келеді. Қазақстанда өндірілетін тамақ өнімінің 5–10 түрін жаз. Мұндай өндіріс орындарын ата.

### Сен білесің бе?

#### Мұнайдың пайдасы

Мұнай – өркениетті өзгертіп, тұрмыстық жағдайды түбегейлі жаңа деңгейге көтерген құнды шикізат. Біздің жерімізде мұнай өндіріледі. Оны шикізат күйінде шетелге шығарамыз. Мұнайдан дәрі-дәрмек, тұрмыста қолданатын түрлі заттар алады. Әрі арзан отын. Мұнайдың бір тоннасы үш тонна көмірдің жылуын береді.



# 3

сабақ

## Адамның шаруашылық қызметі және табиғат

### СЕН

– «табиғат жағдайы» дегеннің не екенін білесің.

### СЕН

– адамның шаруашылық қызметінің табиғат жағдайына тәуелділігін анықтауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** табиғат жағдайы, шаруашылық қызмет.



Өткен сабақта сен Қазақстанның экономикалық қызметінің түрлерімен таныстың. Ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптің не өндіретінін білдің. Олай болса, адамдар үй тұрмысында қолданатын заттарды қайдан алатынын есіңе түсір.

Сөздіктен «табиғат жағдайы», «шаруашылық қызмет» сөздерінің мағынасын тауып оқы.

Қазақстанның табиғат жағдайына қарай дәнді дақылдардың барлық түрі өсіріледі. Жеріміздегі негізгі дақыл – бидай. Сырдария өзені алқабының маңындағы суармалы жерлерге күріш өсіріледі.



«Қазақстанның ауылшаруашылығының сызба картасына» қарап, мына сұрақтарға жауап бер:

- Қазақстанның қай облысында күріш, мақта, бау-бақша өсіріледі?
- Қазақстанның басқа облыстарында неге күріш, мақта, бау-бақша өсірілмейді?
- Картадан етті-сүтті малшаруашылығымен айналысатын облысты тап.
- Адамның шаруашылық қызметінің климатқа тәуелділігін сипатта.

## Қазақстанның ауылшаруашылығының карта сызбасы



### Шартты белгілер:



Қазақстанның таулы аймақтарында не себепті дәнді дақылдар өсірілмейді? Қандай өсімдіктердің «дәнді дақылдар» деп аталатынын қосымша ақпарат көздерінен тауып оқы.

Өсімдікшаруашылығы – мәдени өсімдіктерді өсірумен айналысатын ауылшаруашылығының бір саласы.

Қазақстанның солтүстігі, орталығы мен шығысы, солтүстік-батыс бөліктерінің табиғат жағдайы дәнді дақылдардан *бидай*, *сұлы*, *арпа* өсіруге қолайлы.



*бидай*



*күріш*



*тары*



*жүгері*

Республикамыздың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында мақта, қант қызылшасы өсіріледі. Сонымен бірге бұл аймақтарда бау-бақша, жүзімшаруашылығы дамыған.

Еліміздің ауылшаруашылық жерінің төрттен үш бөлігін жайылымдық жерлер алып жатыр. Сондықтан малшаруашылығы ауылшаруашылығының жетекші саласының біріне жатады.



«Қазақстанның ауылшаруашылығының картасызбасынан» малшаруашылығы қандай салаларға бөлінетінін анықта.

Малшаруашылығының негізгі саласы – қойшаруашылығы. Ол әсіресе республикамыздың оңтүстігінде, батысы мен шығысында жақсы дамыған. *Себебін түсіндір.*





**биязы жүнді (меринос) қойлар**



**бұғылар**

Шығыс Қазақстанда биязы жүнді қой тұқымы өсіріледі. Солтүстікте мүйізді ірі қара өсіру, оңтүстік аудандарда түйе-шаруашылығы, Кенді Алтай тауларында бұғышаруашылығы жолға қойылған.



Парталасыңмен бірге мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құраңдар. Ол сұрақтарды сыныптастарыңа қойыңдар.



Досыңмен «Қазақстанның шаруашылық қызметі» фотоальбомын құрастыр. Жұмыстарыңды таныстырғанда картаны пайдаланып, шаруашылықтың табиғатқа тәуелділігін дәлелдеңдер.

### Сен білесің бе?

Балықшаруашылығы – ежелгі адамдардың терімшілік пен аң аулаудан кейінгі айналысқан істерінің бірі. Олар балықты таяз сулардан сүңгімен (ұзын баулы найза) аулады.

Қазіргі кезде адамдар балықты қолдан көбейту арқылы аулап, өнеркәсіпте өңдейді. Мысалы, дүниежүзінде ауланатын бекіре тұқымдас балықтың басым бөлігі Каспий теңізінің үлесіне тиеді. Бекіре балығы және қара уылдырық өте жоғары бағаланады.



**бекіре**



**қара уылдырық**

## II. ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- отбасының қоғам өміріндегі маңызын білесің;
- отбасында қандай істер атқарылатынын талқылайсың;
- отбасы бюджетінің қалай құралатынын түсінесің;
- мектептегі өзін өзі басқарудың тәрбиелік маңызын білесің;
- көшбасшылық қасиеттерді ажыратуды үйренесің.



# 4- сабақ

## Отбасының қоғам өміріндегі маңызы

### СЕН

– отбасының әр мүшесі қандай рөл атқаратынын білесің.

### СЕН

– отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдей аласың.

**Тірек сөздер:** отбасы, қоғам.



Біз осыған дейінгі сабақта адамның қоғамнан бөлек өмір сүре алмайтыны туралы айтқанбыз. Адамдардың атқарған істеріне қарай бірлескен тобын **қоғам** дейді. Отбасы және біз – қоғамның бір бөлшегіміз.



Сөздіктегі «отбасы» анықтамасынан негізгі құндылықтарды атаңдар. Ол құндылықтардың отбасы үшін маңызы қандай?



Адамға отбасы не үшін қажет? Отбасы мүшелері бірін-бірі қалай атайды? Отбасындағы бір адам бірнеше істі қатар атқара ала ма? Мысал келтір.



Отбасын бір үйде тұратын ең жақын адамдар құрайды. Отбасы үй шаруашылығына, бала тәрбиесіне пайдаланатын қаржы-қаражатты бірлесе, ақылдаса отырып атқарады.



Отбасындағы әр адам өз шаруашылық міндеттерін қалай жүргізеді? Жалғыз істегеннен гөрі бірлесіп атқарған жұмыс жеңіл әрі тиімді екенін дәлелде. Мысал келтір.

Отбасы кез келген мәселенің ыңғайлы жолын тауып, шеше ала ма?

Әр отбасының өз тәртібі бар. Ол қоғамға байланысты қалыптасады. Сонымен бірге отбасы – өз алдына өмір сүре алатын қоғамның бір бөлшегі.




### Кластерді оқыық

Ата мен әженің, әке мен ананың отбасындағы рөлі туралы әңгімелеп бер.

Отбасындағы балалардың рөлі туралы кластер құрастыр.

## Отбасы мүшелерінің атқаратын рөлі



Топпен бірлесе отырып, отбасының күн тәртібін құрастыр. Қоғамның не екенін есіңе түсір.

### Қорытынды жасайық

Отбасының қоғам өміріндегі маңызы туралы өз ойыңды айт.

Адамның бала кезінде отбасынан алған тәлім-тәрбиесі оның күнделікті ісінен байқалады. Бала өмірінің көп бөлігін отбасында өткізеді. Сондықтан ол отбасындағы ең жақын адамдары – атасы, әжесі, әкесі, анасы, ағасы және әпкесінің қамқорлығында өседі. Бала өмірдегі алғашқы тәжірибесін отбасынан алады, айналасымен танысады, бақылайды, қоғамда өмір сүруді үйренеді.



Қазақ халқында «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» деген мәтел тегін айтылмаған. Мәтел мағынасын түсіндір.

Ата-анаң мен отбасыңдағы ересектерден не үйренгеніңді айтып бер.

# 5- сабақ

## Біздің отбасылық бюджетіміз

### СЕН

– отбасылық бюджеттің кірісі мен шығысын есептеуді білесің.

### СЕН

– отбасылық бюджетті оңтайлы ықшамдауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** табыс, шығыс, оңтайландыру, бюджет.



Өткен сабақта біз әр отбасындағы үй шаруашылығы мен қаржы мәселесін бірлесіп шешу жолдарын айтқан болатынбыз. Сен де отбасының бір мүшесісің. Сондықтан отбасы қаржысы сенің білім алуыңа, денсаулығыңды күтуіңе де әсер етеді.

**Отбасының қаржысы** қандай қажеттіліктерге жұмсалатынын (3-сыныпта оқығаныңды) есіңе түсір.

**Отбасы бюджеті** – кесте түрінде бір айға жасалатын отбасылық кірістер мен шығыстардың есебі, отбасылық теңгерім, яғни баланс.



Отбасылық бюджеттің кіріс бөлігі неден құралатыны туралы ойланып, өзің айтып көр.

- Отбасылық бюджеттің қаражаты сенің қандай қажеттіліктеріңе жұмсалады?
- Ата-анаң берген ақшаны үнемдеп көрдің бе? Неге?



**Отбасылық бюджетті есептеп үйренейік**



Арманның отбасындағы бір айға жоспарланған бюджеттің кестедегі мәліметтерімен таныс.  
 Отбасының тұрақты кірісі неден құралған?  
 Отбасылық бюджеттің жалпы кірісі қанша?  
 Отбасылық бюджеттің қаражаты қалай жұмсалған? Отбасылық бюджет үнемделген бе?  
 Өз пікіріңді қорытындыла.

Тұрақты кіріс	Теңге	Ауыспалы кіріс	Теңге
Әкесінің табысы	120 000		
Анасының табысы	70 000		
Баланың шәкіртақысы	22 000		
Әжесінің зейнетақысы	90 000		
<b>Қорытынды:</b>	<b>302 000</b>	<b>Өзің қорытындыла</b>	



Жоспарлы шығыс	Теңге	Жоспарсыз шығыс	Теңге
Коммуналдық төлем	25 000		
Азық-түлік	100 000		
Балабақшаның төлемі	30 000		
Несие	40 000		
Киім-кешек	30 000		
Автокөліктің төлемі	15 000		
Демалыс күндері	15 000		
<b>Қорытынды:</b>	<b>255 000</b>	<b>Өзің қорытындыла</b>	

### Отбасылық бюджет

Тиімсіз жоспарланған бюджет  
КІРІС-ШЫҒЫС



Қалыпты жоспарланған бюджет  
КІРІС-ШЫҒЫС



Тиімді жоспарланған бюджет  
КІРІС-ШЫҒЫС



Сұрақтарға жауап бер:

- Арманның отбасындағы қаражат есебін бюджеттің қандай түріне жатқызуға болады?
- Сенің ойыңша, отбасында үнемделген қаражат қалай жұмсалады?
- Бюджет тиімсіз жоспарланғанда (қаражат жетіспеушілігі) отбасы не істеуі керек?
- Топпен жұмыс істей отырып, отбасылық бюджет шығыстарын азайтудың жолдарын айт.



Ата-анаңа төмендегі сұрақтарды қойып, сұхбат ал:

1. Сіздер отбасылық қаражаттың есебін жүргізесіздер ме?
2. Үнемделген қаражат қалай жұмсалады?
3. Отбасылық бюджетті қалай оңтайландыруға болады?

# 6- сабақ

## Мектептегі өзін өзі басқару

### СЕН

– өзін өзі басқару дегеннің не екенін еске түсіресің.

### СЕН

– мектептегі өзін өзі басқару ұйымының құрамына өту жолдарын түсіндіресің.

**Тірек сөз:** өзін өзі басқару.



Ұжым деген не? Ұжымды кім басқарады? Сыныптағы өзін өзі басқару ережесі саған 3-сыныптан таныс. Оқушылардың өзін өзі басқаруы туралы айтып бер. Мұғалімнің өзін өзі басқарудағы рөлі қандай?

### Оқып, зерделейік

Арманның өз мектебіндегі ұжымы туралы әңгімесін оқы.

Балалар, мектеп қоғамның шағын үлгісі іспетті. Біз есейе келе әр істе бастамашыл болу үшін болашаққа деген дайындығымызды мектептен бастауымыз керек. Себебі өз бетімізше шешім қабылдау, ойды ашық айту сияқты қасиеттер мектептен қалыптаса бастайды.

Біздің мектебімізде өзін өзі басқару жүйесі бар. Оқушылар мектептегі мәселелерді өздері шешеді. Ондағы өзін өзі басқару ұйымы – **мектеп кеңесі** сол үшін сайланған. Егер оқушылар арасында бір мәселе туындаса, мектеп кеңесі оны шешудің жолын қарастырады. Сондықтан





мектеп кеңесі директормен бірлесіп жұмыс атқарады. Балалар сабақтан тыс уақытта қандай да бір іс-шара ұйымдастырғылары келсе, оған мектеп кеңесі көмектеседі.



Арман неге мектепті қоғамның шағын үлгісіне теңеді?  
Оқушылардың мектептегі кез келген істе белсенді болуы әрі өз бетінше шешім қабылдай алуы қаншалықты маңызды?

### Мектептегі өзін өзі басқару үлгісі



Арман оқитын мектептегі өзін өзі басқару сызбасына қара.

Өзін өзі басқару ұйымын қандай комитеттер басқарады?  
Сенің ойыңша, мектеп кеңесінің құрамында кімдер болуы мүмкін? Мектеп кеңесі қандай ұйымдарды басқарады?

Сенің мектебіңдегі өзін өзі басқару қалай жүргізіледі?

Бұл сұраққа сенің жауабың бар ма?

Өзін өзі басқару үлгісі барлық мектепте бірдей деуге бола ма?

Мектеп кеңесіне мүшелікке қалай өтуге болады?



Егер өз мектебіңді басқаратын болсаң, нені өзгертер едің?

Ал сенің сыныптастарың, ата-анаң, мұғалімдерің мектеп тәртібіне өзгерістер енгізе ала ма?

# 7- сабақ

## Көшбасшы қандай болу керек?

### СЕН

– көшбасшы қандай болатынын білесің.

### СЕН

– көшбасшының жеке қасиеттерін анықтауды үйренесің.

**Тірек сөз:** көшбасшы.



Өткен сабақта біз сыныптағы және мектептегі өзін өзі басқару туралы айттық.

Кез келген оқушы мектеп кеңесінің мүшесі бола ала ма? Here?

Топтың немесе кеңестің жұмысына белсене араласқан оқушының ұжымда өз орны бар. Топтағы балалардың ойы, пікірі әртүрлі болуы мүмкін. Топта өзінің ақыл-ойымен, парасатымен ерекшеленетін баланы достары, сыныптастары да құрметтейді. Ондай оқушы сыныпта **көшбасшы** болуға лайық.



Жұппен жұмыс істей отырып, сұраққа жауап беріңдер. «Көшбасшы» деген кім? Өз жауабыңды сыныптасыңмен талқыла.



Ақмарал ауладағы достарының арасында көшбасшыға лайық түрлі ойындар ұйымдастырады. Ақмаралға ілескен балалар ата-аналарға арнап, аулада ертегілерді сахналап көрсетеді. Ал сыныпқа келгенде ондай іс-шараға белсене араласпайды. Бұл жағдайға не әсер етуі мүмкін?



Сенің ойыңша, Ақмарал көшбасшы болуға лайық па? Себебін түсіндір.

Ол мектепте өзін неге ұяң ұстайды? Аулада ойындар ұйымдастырып, жұрттың алдына шыққан кезде Ақмаралдың бойынан қандай қабілетті байқадың? Өз ойыңды айтып бер.

### Кластер құрастырайық

Парталасыңмен «Көшбасшылық қасиеттер» кластерін құрыңдар. Көшбасшының бойында байқалатын бес қабілетті сипаттаңдар.

Құраған кластеріңді сыныптастарыңмен талқыла. Салыстыр. Айырмашылықтары бар ма? Неге? Кластеріңнің дұрыстығын дәлелде.



Адам бойындағы көшбасшылық қабілеттерді жетілдіре ала ма? Ол үшін қандай ерекшеліктер болу керек?

Топтың, сыныптың жұмысына көшбасшы жауапты ма?

Көшбасшының мектептегі өзін өзі басқару жүйесіне, мектептегі кеңестер жұмысына қандай ықпалы бар?



Сыныптағы оқушының барлығы көшбасшы бола ала ма? Оған қандай оқушы лайық? Көшбасшыға лайық деген қасиеттерді төменде берілген сөздерден таңдап алыңдар. Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер.

адал

дарынды

тәртіпті

озат оқушы

ашық

еріншек

тиянақты

ұмытшақ

## Әр алуан тапсырмалар

### I. Тест тапсырмаларын орында:

**1.** Қазақстан аумағы неше облысқа бөлінеді?

- А) 17
- Ә) 14
- Б) 12

**2.** Қазақстандағы малшаруашылығының негізгі саласы:

- А) жылқышаруашылығы
- Ә) түйешаруашылығы
- Б) қойшаруашылығы

**3.** Шаруашылық қызметін таңдау ... тәуелді болады.

- А) ақша қаражатына
- Ә) табиғат жағдайына
- Б) қызметкерлердің қалауына

**4.** Сапалы тауарды сатып алу, қызмет көрсетуді пайдалану үшін ... арқылы шығынсыз қаражат жұмсауға болады.

- А) үнемдеу
- Ә) оңтайландыру
- Б) жоспарлау

**5.** Қандас туыстығы бар әлеуметтік топ:

- А) сынып
- Ә) тайпа
- Б) отбасы

**6.** Өзін өзі басқаруға лайық адам:

А) басқа ортада өзін ұйымдастырушылық қабілетімен көрсете алатын оқушы



Ә) мұғалімді жұмысқа қабылдауға шешім шығара алатын адам

Б) мектепте оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруға атсалысқан оқушы

## II. Облыстың атауын облыс орталығымен сәйкестендір.

Облыс	Облыс орталығы
Ақмола	Өскемен
Алматы	Петропавл
Жамбыл	Орал
Батыс Қазақстан	Талдықорған
Шығыс Қазақстан	Көкшетау
Солтүстік Қазақстан	Тараз

## III. Мына жануарлар Қазақстанның қай облысында өсіріледі?



## IV. Ребусты шеш.

Аталған дәнді дақыл Қазақстанның қай аймағында өседі?



### V. Шешуін тап.

Отбасында мектеп жасындағы екі бала бар. Ата-анасы жұмыс істейді. Айлық табыстары – 220 мың теңге. Коммуналдық төлемге 25 мың теңге төлейді. Тамаққа 90 мың теңге, жол жүруге 15 мың теңге кетеді. Отбасының қалған қажеттілігіне қанша қаржы жұмсалады?

### VI. Сенің ұсынысың.

Отбасы бюджетін үнемдеудің қандай жолдарын көрсете аласың?

**VII. «Көшбасшы қандай болу керек?» деген тақырыпта эссе жаз.**

### VIII. «Керісінше сөзжұмбақ».

Дайын сөзжұмбаққа сұрақтар құрастыр.

			<sup>1</sup> к	ө	<sup>3</sup> ш	б	а	с	ш	ы
					ә					
					к					
					і					
					р					
					т					
				<sup>2</sup> ж	а	л	а	қ	ы	
					қ					
<sup>4</sup> о	т	б	а	с	ы					

### III. МӘДЕНИ МҰРА

#### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- қазақ халқының шығу тегі туралы білесің;
- ХХ–ХХІ ғасырлардағы Қазақстанның ғылым мен экономикадағы жетістіктерімен танысасың;
- ғалым Қаныш Сәтбаевтың елімізді дамытуға қосқан үлесі жайлы білесің;
- тарихи мұражайдың ел өміріндегі алатын орнын анықтайсың.



# 9- сабақ

## Қазақ халқының шығу тегі

### СЕН

– қазақ халқының шығу тегі туралы еске түсіресің.

### СЕН

– қазақ халқының шығу тегін сипаттауды үйренесің;  
– сақтар, ғұндар, түркілер мен қазақтардың арасындағы байланысты зерттеуді үйренесің.

**Тірек сөз:** ата-баба.



Қазақ халқының арғы бабалары кімдер болғанын есіңе түсір. Олардың тарихы туралы не білесің?



Біз қазақ халқының шығу тегімен танысамыз. Тарих өткенді зерттейді. Өткен замандардағы тарихи оқиғаларды шатастырмай оқып танысу үшін бізге **уақыт тізбесі** (37-беттегі) мен **Қазақ хандығының картасы** (38-беттегі) көмектеседі.



## Уақыт тізбесімен қалай жұмыс істейміз?

Әлемдегі көп елдер жыл санауды Иса пайғамбар дүниеге келген уақыттан бастайды. Христиандардың пікірінше, христиан дінінің негізін қалаушы Иса Мәсіх өмірге келген жыл – бастапқы күн болып саналады. Содан кейін болған оқиғалар «біздің заманымызға» жатады. Ал оған дейін болған оқиғаларды «біздің заманымыздан бұрынғы» деп айтамыз. Біздің заманымыздан бұрынғы ғасырлар мен жылдар санағы кеми береді. Мысалы, VII ғасырдан кейін VI ғасыр, одан соң V ғасыр және т.б.

Тарихта ғасырлар рим цифрымен, жылдар араб цифрымен жазылады.

### Уақыт тізбесі

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДАН БҰРЫНҒЫ

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗ

X	IX	VIII	VII	VI	V	IV	III	II	I	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	...	XII	...	XV	...	XXI
---	----	------	-----	----	---	----	-----	----	---	---	----	-----	----	---	----	-----	------	-----	-----	-----	----	-----	-----



сақ



ғұн



түркі



қазақ


### Уақыт тізбесімен жұмыс істейік

Уақыт тізбесі бойынша қай халық өзгелерден бұрын өмір сүргенін анықта. Сақтар, ғұндар, түркілер қай ғасырларда өмір сүрді?



Тарихта қандай оқиғалар болғанын біз көбінесе тарихи карталардан білеміз. Қазақ хандығының картасы (38-беттегі) бізге қандай мағлұматтар береді?

### XV–XVII ғ. Қазақ хандығының картасы



Сақтар, ғұндар мен түркілер – қазақ халқының арғы бабалары.

Біздің бабаларымыз ат құлағында ойнаған шабандоз әрі сайыпқыран сарбаздар болған. Олар көшпелі малшаруашылығымен айналысып, жыл маусымдарына қарай мал жайылымдарын ауыстырып отырған. Халықтың бір бөлігі егіншілікпен де айналысқан. Сөйтіп, Сырдария өзені мен Жетісу маңында қалалар бой көтерді. Онда қолөнер шеберлері мен саудагерлер тұрған.

Қолөнер шеберлері түрлі әшекей бұйымдар жасаған. Бұл – атадан балаға мұра болып, жалғасын тауып келе жатқан кәсіп.

### Салыстырып, қорытынды жасайық

Әр халықтың материалдық мәдениетіндегі ұқсастық олардың кәсіптерінде ғана емес, өнер туындыларында да байқалады.

Суреттерде ғұндардың полихромдық стильде жасалған зергерлік бұйымдары мен қазақтың зергерлік бұйымдары берілген. Бұл әшекейлерді қандай белгілеріне қарап ажыратуға болады?

*Ғұндардың  
зергерлік  
бұйымдары*



*әшекей*



*сақина*

*Қазақтардың  
зергерлік  
бұйымдары*



*алқа*



*жүзік*



Біздің бабаларымыздың киімдеріндегі айырмашылықтарға назар аударыңдар. Олардың дәстүрлі киімдері өмір салтына қарай бейімделгенін аңғаруға болады.



сақтар



ғұндар



түркілер



қазақтар

Тігіншілер киімдерді атқа мінгенде ыңғайлы, суықта жылы, жазда салқын әрі жеңіл болатындай етіп тіккен. Киімдерге салынған өрнектер ұлт дәстүрін айшықтай түскен.



Сақтардың, ғұндардың, түркілердің шаруашылығы мен мәдениетін салыстыр. Қорытынды жаса.

	Кәсібі	Мекендеген жері	Өмір сүрген кезеңі
Сақтар			
Ғұндар			
Түркілер			
Қазақтар			




Сақтардың, ғұндардың, түркілер мен қазақтардың арасындағы байланысты сурет немесе сызба түрінде бейнеле.



Ежелден Қазақстан жері арқылы шығыстан батысқа қарай көптеген тайпалар жүріп өткен. Не себепті олар бұл жолдарды таңдаған? «Қазақстанның физикалық картасын» (41-беттегі) қолданып айтып бер.



## Қазақстанның физикалық картасы



# 10- сабақ

## Қазақстанның экономикадағы жетістіктері

### СЕН

– XX–XXI ғасырлардағы Қазақстанның экономикадағы жетістіктері туралы білесің.

### СЕН

– еліміздегі өнеркәсіпті қалаларды картадан табуды үйренесің.

**Тірек сөздер:** тың жер, экспорт.

### Сен білесің бе?

XX ғасырда біздің республикамыз «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» (КСРО) деп аталатын үлкен мемлекеттің құрамында болды. КСРО құрамында 15 республика: Ресей, Қазақстан, Беларусь, Украина, Өзбекстан және т.б. елдер болды.



Уақыт тізбесіне қарай отырып, Кеңес Одағы неше жыл өмір сүргенін анықта. 1991 жылы Қазақстанда қандай елеулі оқиға болғанын есіңе түсір.





XX ғасырда елімізде зауыт, фабрика, теміржол салынды. Шахталар мен кенорындары ашылды.

Халық ақыны Жамбыл Жабаевтың өлең жолдарында ел экономикасы қалай сипатталған? Өлеңде аталған нысандарды «Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасынан» (14-беттегі) тауып, көрсет.

Түр кіргізді далама,  
Шексіз мақта, көп егін.  
Алтын, күміс, қорғасын,  
Мұнай, көмір, жез бен мыс  
Жылдан-жылға көбейіп,  
Кеңейтіп келеді көлемін.

Мұқтажы жоқ елімнің,  
Үйінен табады керегін.  
Қарағанды, Қарсақпай,  
Ембі менен Балқаштай,  
Кеннің әлденешеуін,  
Тағы тауып беремін.

*Жамбыл Жабаев*

«Түркістан–Сібір» теміржолы (Түрксіб) Орта Азия мен Қазақстанды Сібірмен жалғастырды.



*Ә. Қастеев. «Түрксіб»*

Елімізде 1954 жылы тың жерлерді игеру басталды. Бүгінде сол алқаптарда қатты сұрыпты бидай өсіріледі. Ондай бидайдан нан тағамдарын пісіреді.



*тыңдағы егіс алқабы*



XX ғасырда ел экономикасында орын алған оқиғалар туралы ересектерден сұрап біл. Ақпарат көздерінен қосымша мағлұматтар алып, анықта. Одан шағын әңгіме жаз.



Елімізде тәуелсіздік алған жылдарда мәшине, құрылыс материалын шығаратын зауыттар ашыла бастады. Қазақстаннан шығатын вагондар, электровоздар, жүк таситын және жеңіл автокөліктер, автобустар жылдан-жылға артып келеді.



*«Тұлпар-Тальго» жүрдек пойызы*

Нұр-Сұлтан қаласында **«Тұлпар-Тальго»** жолаушылар тасымалдауға арналған жүрдек пойызының вагонын жасайтын зауыт салынды. Қазір зауыт жылына жүз елу вагон шығарады. Болашақта вагондарды көрші елдерге экспортқа шығару жоспарланып отыр.



*автокөлік құрастыратын  
«Азия Авто» зауыты*

Қазақстан аумағындағы алғашқы ірі автокөлік құрастыратын **«Азия Авто»** зауыты Өскемен қаласында орналасқан. Зауыт жылына 10 мыңнан астам автокөлік құрастырады.



Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстанда өндірілетін жаңа өнімдердің түрлерін анықтаңдар. Оларды шығаратын кәсіпорындар еліміздің қай қаласында орналасқан?



Елімізде өндірілетін кондитерлік, макарон, сүт және ет өнімдері Қазақстанда ғана емес, шетелге де танымал болды.



*қазақстандық кондитерлік, сүт, макарон өнімдері*

Қазақстандағы «Рахат» кондитерлік фабрикасы – 60 жылдан астам тарихы бар өндіріс орындарының бірі. Фабрика калориясы төмен және табиғи шикізат пен тек қант алмастырғышы бар шоколад, кәмпит, печенье және вафлидің бірнеше түрін шығарады. «Рахат» кондитерлік өнімдері Ресей, Германия, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай елдеріне шығарылады. «Рахат» фабрикасы 2018 жылы Мәскеуде өткен халықаралық көрмеге қатысты. Көрмеге қойылған өнімдер алтын медальдар мен дипломдарды жеңіп алды.



Өз аймақтарыңда қандай өндіріс орындары бар? Олардың өнімдері елімізге танымал ма?



Егер сен кәсіпкер болсаң, өндірістің қай түрімен айналысар едің? Өз ойыңды айтып бер.

# 11

сабақ

## Қазақстанда ғылымның дамуы. Ғалым Қаныш Сәтбаев

### СЕН

– Қазақстанның ғылым-  
дағы жетістіктері туралы  
білесің.

### СЕН

– елімізге танымал болған ғалымдардың ең-  
бегін зерделеуді үйренесің.

**Тірек сөздер:** ғылым, ғалым, өндіріс.



Қалай ойлайсың, елімізде ғылым қандай рөл атқарады?



**Алматыдағы ҚР Ұлттық  
Ғылым ордасы**

Қазақстанда 1946 жылы Ғы-  
лым академиясы ашылды. Ға-  
лым Қаныш Сәтбаев оның тұң-  
ғыш президенті болды. Био-  
логия, медицина, тарих, архео-  
логия, тіл, әдебиет, өнер және  
экономика т.б. салаларда ғы-  
лыми зерттеулер жүргізілді. Ғы-  
лымдағы жетістіктер өндіріске  
енгізілді.

XXI ғасырдан бастап елімізде ғылымға баса мән берілді. Ондаған ғылыми институт жұмыс істеді. Еліміздің шаруашылығын өркендету үшін техника саласын дамыту қолға алынды. Бидай, күріш, арпа сияқты дәнді дақылдардан мол өнім беретін жаңа сұрыптар жасалды.

Жылқы, қой тұқымдарын асылдандыру қолға алынды. Олардың қатарында қазақстандық меринос қойы бар. Әр қойдан шамамен 15 кг-дай сапалы жүн қырқылды. Асылтұқымды Мұғалжар жылқыларының қымызын өндіретін зауыттар ашылды.



*қазақстандық меринос қойы*



*асылтұқымды Мұғалжар жылқылары*

Еліміздің табиғи байлығын зерттеуге зор еңбек сіңірген ғалым – Қаныш Сәтбаев (1899–1964).

Қ. Сәтбаев – Орталық Қазақстандағы Жезқазған мыс кенінің қорын ашқан геолог-ғалым. Жезқазғандағы кен-металлургия комбинаты, Қарағанды мен Балқаштағы металлургия зауыттары ғалымның ерен еңбегінің нәтижесінде салынған.

Қаныш Сәтбаевты «тыл генералы» деп атаған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туындады. Сол кезде Сәтбаевтың жетекшілігімен қысқа мерзімде Жезді марганец кенінде барлау жұмысы жүргізіліп, іске қосылды.



*Академик  
Қаныш Сәтбаев*





**Қ. Сәтбаев атындағы  
Қазақ ұлттық техникалық  
зерттеу университеті**

Елімізде Қаныш Сәтбаевтың еңбегі жоғары бағаланды. Қазақстандағы ең ірі жоғары техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне, Күн жүйесіндегі Марс пен Юпитер ғаламшарларының орбиталары аралығындағы шағын ғаламшарға «Сәтбаев» есімі берілді. Қаратаудағы ваннадий кенорнынан табылған «Сәтбаевит» минералы ғалым есімімен ата-

лады. Ғалымның 100 жылдық мерейтойына орай ЮНЕСКО 1999 жылды «Қаныш Сәтбаев жылы» деп жариялады.

### Кластер құрастырайық

«Ғалым Қаныш Сәтбаев» кластерін құрастыр.



Сен тұратын облыста (қалада, ауылда) Қаныш Сәтбаевтың есімімен аталатын қандай нысандар бар?

### Сен білесің бе?

Қаныш Сәтбаевтың өз халқына, туған жеріне деген махаббаты ерекше еді. Қаныштың Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилльмен кездескендегі әңгімесі ел аузында сақталған. Алып тұлғалы қазақты таныстырған сәтте Черчилль:

• Қазақтардың бәрі Сіз сияқты биік пе? – деп сұрайды. Сонда Қаныш Сәтбаев байсалды үнмен:

• Халқым менен де биік, – деген екен.

*Ғалымның осы сөзін қалай түсінгеніңді айтып бер.*



Қосымша ақпаратты пайдаланып, өз облысыңнан қандай ғалымдар шыққанын анықта. Олар ғылымның қандай салаларында қызмет еткенін біл.



# 12

сабақ

## Тарихи мұражайлар не үшін қажет?

### СЕН

– тарихи мұражайлар не үшін қажет екенін білесің.

### СЕН

– мұражай ашуға өз жобаңды ұсынасың.

**Тірек сөздер:** мұражай, экспонат, экспозиция, этнография.



Мұражайға барып көрдің бе? Мұражай сені несімен қызықтырады? «Мұражай», «экспонат» сөздерінің мағынасын сөздіктен қара.

«Өз елінің тарихын білмеген халықтың болашағы бұлыңғыр» дейді даналар. Мұражайда өткен заманның мәдени мұралары сақталады.

Тарихи, табиғи, көркемсурет, әдеби және өлкетану мұражайлары бар.



Суреттегі мұражайларға қандай экспонаттар қойылатынын айтып бер.



*Ықылас атындағы Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайы (Алматы қ.)*



*Тұңғыш Президент мұражайы (Нұр-Сұлтан қ.)*



**Абай мұражайы  
(Семей қ.)**



**Алматы қорығының табиғат  
мұражайы (Алматы қ.)**



**Әлия Молдағұлованың  
мемориалдық мұражайы (Ақтөбе қ.)**



**ойыншықтар мұражайы  
(Қостанай қ.)**

Өлкеңнің өткені мен бүгіні туралы көбірек білгің келе ме? Онда тарихи-өлкетану мұражайына барайық. Мұндай мұражайлар әр қалада, ірі аудан орталықтарында да бар.

Мына сызбаға қарап, өлкетану мұражайынан нені білуге болатынын көре аласың.




Мұражайда сол өлкенің тарихи, табиғи және мәдени дамуымен танысасың. Келушілер тамашалау үшін қойылған экспонаттарды көресің.

Олар – тас шапқы, жебе, найзаның ұштары тәрізді көне замандардан табылған археологиялық қазба жәдігерлері болуы мүмкін. Оның арасынан өнер және қолөнер туындыларын да кездестіруге болады. Халықтың ертедегі күнделікті тұрмыста қолданған заттары да қойылған. Жазба құжаттар мен сирек кітаптар осы өңірде болған оқиғалар туралы баядайды. Сен танымал еңбек озаттарының өміріне қатысты тың деректермен танысасың.

Әр бұйым бізге өткен өмірден сыр шертеді. Мұражайдағы әрбір жәдігерді өте мұқият қарау керек. Сонда саған көне замандардың құпиялары мен тарихтың жұмбақ сырлары ашылады.

Мұражай жәдігерлері:

- моншақтар;
- қоладан жасалған айна.



*ежелгі қорғандардан табылған моншақтар мен қоладан жасалған айна*



Осы жәдігерлердің топтамасына қарай отырып, мол ақпарат алу үшін 3–4 сұрақ ойластыр.





Мұражайға барғанда өзіңді қалай ұстауың керек? Мұражайдағы тәртіп ережесін құрастырыңдар.

Кез келген мұражай шағын бұйымдардың топтамасынан басталады. Үйде, мектепте, ауылда, қалада мұражай ашуға болады. Алдымен мектепте мұражай ашу үшін жоба жасайық.



Топпен жұмыс істей отырып, өз мұражайларыңа қандай жәдігерлерді қоятындарыңды анықтаңдар. Оған қандай бұйымдарды таңдап алар едіңдер?

### Серуендеуге шығайық



Өлкендегі мұражайға барып, төмендегі жоспар бойынша әңгіме жаз:

- Мұражай қалай аталады?
- Қандай жәдігерлерді көрдің?
- Мұражайды кім таныстырды?
- Мұражайдан көрген, білгендеріңді кімге әңгімелеп бересің?

*Қосымша ақпараттарға сүйеніп, Қазақстандағы өзіңді қызықтыратын көркемсурет, әдеби, техникалық мұражайға саяхат жаса.*

### Сен білесің бе?

Қазақстанда алғаш рет Қызылорда облысының Шиелі ауданында Ыбырай Жақаев атындағы күріш өсіру тарихи мұражайы ашылды. Мұражайға Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың еңбек жолындағы экспонаттары қойылды. Жақаев 1949 жылы әр гектарынан 172 центнерден күріш алып, дүниежүзілік рекорд жасаған.





## IV. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- кәсіби мерекелердің тарихымен танысасың;
- ХХ–ХХІ ғасырлардағы Қазақстанның мәдени жетістіктерін білетін боласың;
- Әміре Қашаубаев, Күләш Бәйсейітованың еліміздің мәдениетін дамытуға қосқан үлесі туралы білесің;
- спортпен шұғылдану кезіндегі сақтық шараларын үйренесің.



# 13

сабақ

## Қандай кәсіби мерекелер бар?

### СЕН

– кәсіби мерекелер туралы білесің.

### СЕН

– кәсіби мерекелердің маңызын бағалауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** мамандық, кәсіби мереке.



Отбасыңда қандай мереке аталып өтеді?

Суреттерге қара. Оларды не біріктіретінін айтып бер.



Мұғалім, экономист, аспаз, дәрігер немесе құрылысшы болсын, кез келген кәсіптің өзіндік маңызы зор. Әр маман иесі халықпен жұмыс істейді. Өз кәсібіңді абыройлы атқару – ол мамандықты жақсы игеруіңе байланысты. Егер адам талмай ізденіп, еңбек етіп, сүйікті жұмысына бар күш-жігерін жұмса-са қоғамда сый-құрметке бөленеді.

Елімізде түрлі кәсіби мерекелер аталып өтіледі. Олар еліміздің тарихынан сыр шертеді. Мәселен, құрылысшылар, геологтар, мұғалімдер, медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекелері Кеңес Одағының кезінде пайда болған. Ал полиция күні, экологтар күні, ұлттық валюта күні мерекесі еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін белгіленген.

Қазақстандағы кәсіби мерекелер ресми түрде демалыс күндері болып саналмайды.



Ойланып, кәсіби мерекелердің не үшін қажет екенін анықтап көр. Ойыңды дәптеріңе жаз.





**Оқып, салыстырайық!**

Ұстаздар күнінің аталып өту тарихын оқы. Отбасыңдағы аға буын өкілдері бұрын өздерінің ұстаздарын қалай құрметтеген? Қазір сен ұстаздарыңа қандай құрмет көрсетесің? Неліктен ұстаз еңбегі жоғары бағаланады?

**Ұстаздар күнінің тарихынан**

Кеңес Одағы кезінде ұстаздардың кәсіби мерекесі алғаш рет 1965 жылы мерекеленді. Қазан айының бірінші жексенбісі мереке күні ретінде белгіленген. Мереке қарсаңында кеңестік оқушылар сыныптарын түрлі түсті шарлармен, қабырға газеттерімен безендірген. Оқушылар ұстаздарына арнап құттықтау хаттарын жазған, ән айтып, өлең оқитын, көңілді концерттік қойылымдар көрсететін. Қазір де оқушылар кеңестік замандағы ізгі дәстүрді жалғастырып келеді. Ата-аналары сияқты олар да ұстаздар күні өлең оқып, өз өнерлерін ортаға салады.

**1. Сауалнама жүргіз:**

- Ата-анаң қандай кәсіби мерекелерді атап өтеді?
- Олар қайда жұмыс істейді?
- Қандай кәсіптің түрімен айналысады?
- Олар өздерінің жұмысын жақсы көре ме?
- Қандай мамандық қызықты?

**2. Біздің елімізде аталып өтілетін кәсіби мерекелердің күнтізбесін жаса.**



Мемлекеттік және кәсіби мерекелерді салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңдар.



Суреттерге қараңдар. Қандай мамандық иелері туралы айтылғанын болжаңдар. Олар кәсіби мерекесін қай айда атап өтеді?



Кәсіби мерекелердің біріне құттықтау ашық хатын жазыңдар. Сыныпта сондай хаттардың байқауын өткізіңдер.



Сен теміржолшы, ұшқыш, құрылысшы, электрдәнекерлеуші, фотограф мамандардың халыққа қандай қызмет жасайтынын білесің бе?

Бұл мамандықтардың қандай техникалық жетістіктерге байланысты пайда болғанын айт. Аталған мамандықтар қазір бар ма?

### Сен білесің бе?

#### Роботтехника – болашақтың мамандығы

Техника, технология дамыған сайын өмірге үлкен жаңалықтар енуде. Қазір кейбір мамандардың жұмысын роботтар атқаратын зауыттар да бар. Сен робот құрастыруды үйірме сабақтарында игересің. Оны білу үшін «Ақпараттық технология», «Математика» пәндерін терең білуің керек.

# 14

сабақ

## XX–XXI ғасырларда Қазақстан мәдениетінің дамуы

### СЕН

– Қазақстанның мәдени жетістіктері туралы білесің.

### СЕН

– көрнекті мәдениет қайраткерлерінің еліміздің дамуына қосқан үлестерін зерделейсің.

**Тірек сөздер:** опера, балет, кескіндеме.

*Мәдениет дегеніміз – адам баласының материалдық және рухани дүниелерді қалыптастыру жолындағы іс-әрекетінен туындайтын құндылық.*

Сызбаға қара. Материалдық және рухани мәдениеттің адам өмірінде қандай рөл атқаратын біл.



Сөздіктегі «балет» және «опера» сөздерінің мағынасына мән беріп, бір-бірінен қандай айырмашылығы барын талқылаңдар.

Қазақстанда XX ғасырдың басында опера және балет өнерінің негізі қаланды.



Белгілі балетмейстер **Болат Аюханов** Академиялық би театрын ашып, балет өнерін отанымыздың түкпір-түкпіріне насихаттады.

**Әбілхан Қастеев** – (1904–1973) қазақтың әйгілі кескіндемешісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. 30-жылдардың ортасында Қастеевтің өнері шарықтау шегіне жетті. Оның «Түркісіб» (43-бетте), «Жас Абай» секілді алғашқы картиналары және ұлттық салт-дәстүрге арналған басқа да көптеген туындылары дүниеге келді. Әбілхан Қастеев 1937 жылы КСРО-ның Суретшілер одағына қабылданды.



Суретші қазақ елінің тарихын, туған жері мен өскен елін, халқының ұмытылып кеткен дәстүрлерін көркем бейнелейтін.

Қазақ жері тума таланттарға бай. **Әміре Қашаубаев** (1888–1934) – өнердегі ұлт мақтанышы, әнші, аса дарынды актер. Жастайынан әншілік өнерімен танымал болды. Оның ғажап дауысы, орындаушылық шеберлігі әлемді таңғалдырған. Әміре – қазақ әндерін шетелде орындаған тұңғыш қазақ әншісі. 1925 жылы Парижде өткен Халықаралық этнографиялық көрмеде қазақтың «Жаяу Мұса», «Балқадіша», «Ағаш аяқ» т.б. әндерін орындап, жүлделі II орынды және күміс медальді иеленді. Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен халықаралық концертке қатысып, қазақтың халық әнін әлемге паш етті.



*Әміре Қашаубаев*

Әміре тек әнші ғана емес, аса дарынды актер. Қызылордада алғаш ашылған Қазақ драма театрында «Еңлік–Кебек» трагедиясында Жапалдың, «Айман–Шолпан» музыкалық комедиясында Жарастың рөлін сомдады. Әміре 1933 жылға дейін театрда әнші-актер болған.

**Күләш Бәйсейітова** (1912–1957) – әйгілі қазақ әншісі.

1933 жылы ол «Айман–Шолпан» музыкалық комедиясында Айманның рөлін ойнады.

Композитор Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы алғаш қойылғанда Күләш Жібектің ариясын шырқады. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінде Бәйсейітованың орындау шеберлігі жоғары бағаланды.

Күләштің есімі бүкіл елге танылды. Қайталанбас үніне тәнті болған халық оны «қазақтың бұлбұлы» деп атады.

Сөйтіп, 24 жастағы Күләш КСРО-ның халық әртісі атағын алды.



*Г. Ысмайылова.  
«Күләш Бәйсейітова  
Қыз Жібек рөлінде»*



*Сен бұлбұлдың дауысын естіп көрдің бе? Не себепті Күләшті «бұлбұл» деп атады?*

*...Күләштің күмістей сыңғырлаған таза дауысы сайраған құстың үніне ұқсайды. Сондықтан Күләш Бәйсейітова «қазақтың бұлбұлы» деген атқа лайық. Ол тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының мақтанышына айналды.*

*Валерия Барсова,  
КСРО халық әртісі*

Әнші әлемнің көптеген елдерінде өнер көрсетті.

Талантты өнер саңлағының құрметіне Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының көшелеріне, Алматы музыка мектебіне Күләш Бәйсейітованың есімі берілді.



Қазіргі мәдениет саласында өнерімен танымал болған қандай әншілерді білесің? Олар кімдер? Сыныпта «Танымал әншілер» атты жарыс ұйымдастыр.

### Сен тыңдармансың

XX ғасырда шетелдік көрермендерді де өнерімен таңғалдырған жезтаңдай әншілер болған. Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев сынды өнер тарландары – ұлтымыздың мақтанышы.

Қосымша ақпараттарды пайдаланып, өнер шеберлерінің орындауындағы шағын концертті тыңда. Әншілердің әндерін естігенде қандай әсер алатыныңды айтып бер.

Бүгін кино, кескіндеме, әдебиет пен театр өнерінде талантты жастар шығып келеді.



Қосымша ақпаратты пайдаланып, қазақстандық жас суретшілердің, ақын-жазушылардың, актерлердің есімдерін анықта. Олардың шығармашылығы бойынша слайд жаса.



«Біздің қаламыздың (ауылымыздың) мәдени орындары» атты тақырыпта жарнамалық плакат құрастыр.



# 15

сабақ

## Спортта жарақаттанудың алдын алу шаралары

### СЕН

– спортта жарақат алу-дың себептерін білесің.

### СЕН

– спортта жарақаттанудың алдын алу шараларын үйренесің.

**Тірек сөздер:** жарақат, алдын алу.

«Жарақат» деген сөзді естігенде нені елестетесің?

Адам өндірісте, күнделікті тұрмыста, көлікте немесе спортпен айналысқанда жарақат алуы мүмкін.



Суреттерге қарап, оқушылар қандай спорт түрімен айналысып жатқанын айтып бер. Спортпен айналысқанда дене жарақатын алуың мүмкін бе? Оның қандай себептерін білесің? Түсіндіріп көр.



Сызбаға қарап, жарақат алудың түрлерін ата. Сызбаға тағы қандай жарақат түрін қосар едің?



«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз бекер айтылмаған. Жарақаттануға байланысты да солай деуге болады. Ендеше, одан сақтану үшін не істеу керек? Жарақат алудың сақтық шараларын ойластырайық.

### **ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:**

- сабақта немесе жаттығу кезінде тәртіп сақтау қажет;
- дене тәрбиесі мұғалімінің немесе жаттықтырушының кеңестерін тыңдаған дұрыс;
- арнайы спорттық киім киіп, спорт алаңдарында жаттығу керек;
- сабақ үстінде жарақат алудан абай болған жөн;
- спорт құралын пайдаланудың ережесін есте сақтау керек;
- спорт жаттығуларының арасында берілетін үзілістерді жасап отыру қажет;
- жаттыққанда соққы алмаудың ережелерін білген дұрыс;
- жығылған сәтте сақтық ережесіне сай қимылдау керек;
- спорт жаттығуларын орындаған кезде бір-біріңді қорғай білу керек.

*Бұл тізімді тағы қандай сақтық шараларымен толықтыруға болады?*



Біз ұсынған кеңестерге сүйене отырып, «Спортта жарақаттануға жол жоқ!» деген тақырыпта парақша дайындаңдар. Естеріңде болсын, парақша мәтіні қысқа әрі әсерлі болуы керек.



Жарақат алған сәтте не істеу керек? Ол үшін тәжірибелі дәрігердің кеңестерін оқыңдар. Жұппен жұмыс істеу барысында әртүрлі жарақаттар алған кезде не істеуге болатынын, нені істеуге болмайтынын бір-біріңе түсіндіріңдер.

### Тәжірибелі дәрігердің кеңестері

Жарақат түрлері	Болады	Болмайды
Соғып алу	Жарақат үстіне мұз басу.	Ауырып тұрған жерді ұзақ уақыт орап, жылы ұстауға болмайды.
Сіңірдің созылуы	– Сіңір созылған жағдайда буынға мұз салынған полиэтилен қапшықты қою керек; – созылмалы жаратаңғышпен ораған дұрыс.	Зақымданған жерді қыздырып, ысқылауға болмайды.
Сүйектің сынуы	Сынған жағдайда таңғыш қалақшаны қойып байлайды.	Қозғалып кеткен сүйектерді өз бетіңше түзетуге болмайды.
Буынның шығып кетуі	Буын тайып кеткен жағдайда аяқты дәкемен қатты тартып орайды.	Буынды өз бетіңше түзетуге болмайды.
Ашық жарақат алу	Залалсыздандырылған таңғышпен байлар алдында жарақат алған жерге йод тұнбасын жағады.	Ашық жарақатты қолмен ұстауға, ішіне түскен сынықтарды тазалауға, оны кез келген материалмен байлауға болмайды.



Төмендегі мәліметтерді жаднамаға жаз:

- Өзің айналысатын спорт түрі.
- Спортта жарақаттанудың алдын алу шаралары.

Жаднаманы дайындау үшін қосымша ресурстарды (ақпарат көздерін, спорт кітаптарын) пайдалан.



Денсаулығына қауіпті жарақат алған адамды тез арада жақын ауруханаға жеткізу қажет.



# 16

сабақ

## Әр алуан тапсырмалар

### I. Тест тапсырмаларын орында.

1. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып \_\_\_\_\_ сайланды.

- А) Қ. Жұбанов
- Ә) Қ. Сәтбаев
- Б) Е. Бекмаханов

2. Өлкенің өткен өмірін баяндайтын – \_\_\_\_\_ мұражайы.

- А) геологиялық
- Ә) әдеби
- Б) тарихи-өлкетану

3. Теміржолшылар күнін \_\_\_\_\_ мамандығының иелері атап өтеді.

- А) жүргізуші
- Ә) машинист
- Б) ұшқыш

### II. Тарихи мәліметтерді салыстыр.

Бабаларымыз – сақтар, ғұндар мен түркілер әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген. Олардың киім киісіндегі ұқсастықтарын сен қалай түсіндірер едің?

### III. Заттар мен ұғымдарды салыстыр.

Кестенің бірінші бағанына материалдық мәдениетке, екінші бағанға рухани мәдениетке қатысты заттар мен ұғымдарды жаз.

*Қыш ыдыс, аңыз, темір қылыш, тас кетпен, жылнамалар жинағы, компьютер, «Қыз Жібек» операсы, кесене, халықтық дәстүр мен ғұрып, «Амангелді» көркем фильмі, «Қалқаман–Мамыр» балеті, халық биі, білезік.*

Тапсырманы дәптеріңе орында.

Материалдық мәдениет	Рухани мәдениет

#### IV. Картамен жұмыс.

«Қазақстанның пайдалы қазбаларының картасынан» (14-беттегі) көмір, мұнай, темір, мыс, хром кендерін өндіретін жерлерде пайда болған қалаларды тауып, ата.

#### V. Мәтінді оқы.

Қазақстанда жыл сайын медицина қызметкерлерінің күні маусым айының үшінші жексенбісінде аталып өтіледі. Бұл мереке дәл осы күні Ресейде, Беларусь пен Украинада да тойланады.

Медицина қызметкерлерін құттықтау дәстүрі кеңестік кезеңде 1980 жылғы «Мерекелік және атаулы күндер туралы» Жарлыққа сәйкес белгіленген.

Дәрігер – әлемдегі көнеден келе жатқан мамандықтардың бірі. Әрқайсысымыз жылына ең кемінде бір рет ем алу үшін дәрігерге қараламыз. Адам өмірінің арашашысы, ақ халатты абзал жандарға алғыс айтамыз.

#### Сұрақтарға жауап бер.

1. Не себепті медицина қызметкерлерінің күні әртүрлі елдерде бір күнде аталып өтіледі?
2. Дәрігерлер кәсіби мерекесін қашан атап өтеді?

## V. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- адамзаттың дамуына климат қалай әсер ететінін анықтайсың;
- өзің тұратын жерде қандай катаклизмдер болатынын білесің;
- сенің айналаңда қандай қауіп-қатерлер болатынын білесің;
- оттан, судан, газдан болатын қауіп-қатердің алдын алу ережесімен танысасың;
- өз қауіпсіздігіңді жоспарлауды, катаклизм кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды үйренесің.



# 17

сабақ

## Адам өміріне климаттың әсері қандай?

### СЕН

– климаттың адам өміріне әсерін білесің.


### СЕН

– климаттың адам өміріне тигізетін әсерін зерделеуді үйренесің.

**Тірек сөздер:** климат, ауа райы.



Климат деген не? Жер бетінде климаттың қандай түрлері болатынын картаға қарап айтып бер. Қазақстан қандай климаттық белдеулерде орналасқан?



### Шартты белгілер:


- полярлық
- қоңыржай
- экваторлық, тропиктік

«Климат» гректің «клима» – көлбеу деген сөзінен шыққан. Климат Күн сәулесінің Жер бетіне көлбеу түсуіне байланысты қалыптасады. Көлбеу түсетін сәулелерге қарағанда, тік түсетін сәулелер ыстығырақ болады. Экваторға жақындаған сайын Күн сәулесінің Жер бетіне түсу бұрышы ұлғаятындықтан, ауа температурасы да жоғарылай береді.

**Ойланайық**

Күн сәулесі Жер бетінің қай бөлігін көбірек қыздырады? Оның климатқа әсері бар ма?

**Күн сәулесінің түсуіне байланысты  
Жер бетінің жылынуы**



Суреттерге қараңдар. Климат адамның сыртқы келбетіне қалай әсер етеді?



Климат адамның сыртқы келбетіне ғана емес, кәсібі мен өмір салтына да әсер етеді.

Алғашқы адамдар өмір сүрген кезде климат жылы болған. Адамдар сан алуан жеміс-жидек өсетін ағаштар мен жан-жануарларды қорек еткен. Ол кезде адамға жылы киім, баспана қажет болмаған. Алайда шамамен жүз мың жыл бұрын мұз басу дәуірі басталған. Солтүстіктен жылжыған алып мұз қабаты бүкіл Жер бетін жапқан. Мұз басу дәуірі адам баласын суықтан қорғануға, азық тауып жеуге үйретті.



Суреттерге қара. Мұз басу дәуірі адам өміріне қандай өзгерістер әкелді?

Шамамен 13 мың жыл бұрын алып мұз қабаты еріген. Адамдар сол табиғи ортадағы өзгерістерге бейімделіп, өмір сүре бастады.



Адамның климат жылынғаннан кейінгі ойлап тапқан құралдарын ата.





Жергілікті тұрғындарға климат қалай әсер етті? Осыдан шамамен үш мың жылдай бұрын Ұлы даланың климаты өзгеріп, құрғақшылық орнаған. Жауын-шашын азайып, күн ысыған.



Климаттың өзгеруіне байланысты біздің бабаларымыздың қандай шаруашылық түрімен айналысқанын есіңе түсір.

Суретке қара. Адамдардың өмір салтына, тұрмысына бұл кәсіптің қалай әсер еткені туралы әңгімеле.



А. Дүзелханов. «Сақ көші»

Қазір адамдардың тіршілігіне климаттың тигізетін әсері ерте кездердегідей аса қауіпті емес. Дегенмен адамның өмірі көп жағдайда ауа райына, климатқа тәуелді.



Сенің ойыңша, алдағы жаз айындағы ауа райының болжамы кімдер үшін аса маңызды? Себебін түсіндір.



«Кейінгі онжылдықта климат пен ауа райы қаншалықты өзгерді?» деген тақырыпта ата-әжең мен ата-анаңнан сұхбат ал.



Климаттың ауа райынан қандай айырмашылығы бар? Ауа райына бақылау жүргізу не үшін қажет? Адам өміріне климаттың қолайлылығы немесе қолайсыздығы әсер етуі мүмкін бе?

# 18

сабақ

## Сен тұратын аймақта қандай катаклизмдер болуы мүмкін?

### СЕН

– катаклизмнің түрлерін есіңе түсіресің.

### СЕН

– өзің тұратын аймақта болуы мүмкін катаклизмдер туралы болжам жасайсың.

**Тірек сөз:** катаклизм.



«Катаклизм» дегеніміз не?

Суреттерге қара. Қандай катаклизмдер туралы естігеніңді айтып бер.





«Қазақстанның физикалық картасы» бойынша (41-беттегі) саяхат жаса. Қазақстан жерінің басым бөлігін жазық жерлер алып жатыр. Шығысында Алтай тауы, оңтүстік-шығысында Тянь-Шань тау жүйесі созылып жатыр. Ал орталық бөлігінен Сарыарқа деп аталатын аласа тауларды көреміз. Үлкен су айдындарынан Каспий мен Арал теңізін атауға болады. Сонымен қатар көлдерден – Балқаш, Алакөл, Жайсаң, ірі өзендерден – Жайық, Ертіс пен Сырдария.



Аталған жер-су атауларын (тау, өзен, көлдерді) картадан (41-беттегі) тауып көрсет.

Еліміздің кей облыстарында құрғақшылық, үскірік аяз, су тасқыны, шаңды дауыл, аптап ыстық және өрт секілді табиғат апаттары оқтын-оқтын болып тұрады. Таулы аймақтарда жер сілкінісі мен сел тасқыны да жиі байқалады.



«Қазақстанда болуы ықтимал табиғат апаттарының картасына» (74-беттегі) қара. Қауіптердің шартты белгілерімен мұқият таныс. Картадан өзің тұратын облысты тап.


Өз жеріңде болуы мүмкін табиғат апаттарын ата. Ол туралы білгеніңді айтып бер.

Бабаларымыз «Қамданған қапы қалмайды» деген сөзді тегін айтпаған. Табиғат апаттарын алдын ала болжап, сақтану шараларын жасауға болады.

Еліміздегі катаклизмдердің көпшілігі табиғи жағдайларға байланысты қалыптасады. Алайда оның адам әрекетінен туындайтын кездері де болады. Табиғи катаклизмдерден қарапайым қауіпсіздік шаралары арқылы сақтанған жөн.



Қазақстанда болуы ықтимал табиғат апаттарының картасы



	Су жайылғу қаупі		Қатты ыстық пен қуаңшылық қаупі		Қар көшкіні қаупі		Өрт қаупі
	Нөсер жаңбыр мен дауылды жел қаупі		Су тасқыны қаупі		Жер сілкінісі қаупі		Жер көшкіні қаупі



Қауіпті жағдайда қоңырау шалып, көмек сұрайтын орындарды біліп жүр:

- |                                  |                               |
|----------------------------------|-------------------------------|
| <b>101</b> – өртсөндіру қызметі; | <b>104</b> – газ қызметі;     |
| <b>102</b> – полиция;            | <b>112</b> – құтқару қызметі. |
| <b>103</b> – жедел жәрдем;       |                               |



### Жағдайды талқылайық

**1-жағдай.** Сен түстен кейін досыңмен бірге балық аулауға бардың. Осы кезде аспанды бұлт торлай бастады. Бұлт Күн көзін жауып, айнала одан сайын қараңғылана түсті. Сәлден кейін күн күркіреп, найзағай да жарқ ете қалды. Содан кейін жаңбыр шелектеп құя жөнелді. Найзағай әлсін-әлсін жарқылдап, күн күркіреуін қоймады.

#### Анықтаңдар:

- Бұл табиғаттағы қандай құбылыс?
- Мұндай жағдайда сендердің әрекеттерің қандай?
- Мұндай табиғат құбылысынан қорғану үшін қандай орынды таңдайсың? Ол үшін нені ескерген дұрыс?

**2-жағдай.** Қатерлі боранның жақындап келе жатқаны туралы ауа райы қызметкерлері Жалпақсай ауылының тұрғындарын хабардар етті. Бұл жағдайда адамдар қандай қорғаныс жұмыстарын жасауы керек?



Біздің жерімізде болатын катаклизмдердің тізімін жасап, мына сұрақтарға жауап беріңдер:

- Катаклизмдердің алдын алу үшін не істеуге болады?
- Катаклизм кезінде Төтенше жағдай қызметі қандай рөл атқарады?
  - Табиғат апаты орын алса, ТЖ қызметі мен халықтың іс-әрекеті қандай болуы керек?
  - Өздерің тұратын аймақта болатын табиғат апатының тізімін жасаңдар.

# 19

сабақ

## Катаклизм кезіндегі менің қауіпсіздігім

### СЕН

– қандай катаклизмдер болатынын есіңе түсіресің.

### СЕН

– катаклизм кезіндегі қауіпсіздік шараларымен танысасың.

**Тірек сөздер:** су тасқыны, су басу.



Сызбаны пайдаланып, қыста, көктемде, жаз бен күз мезгілінде сен тұратын аймақта қандай катаклизмдер болуы мүмкін екенін айтып бер.



Жалпы катаклизм табиғи факторларға байланысты. Оны алдын ала болжап, күні бұрын дайындалуға болады. Су тасқыны да сондай апаттардың қатарына жатады.





Түсіндірме сөздіктен «тасқын» ұғымына берілген анықтаманы қара. Тасқынның пайда болу себептері туралы мәтінді оқы. Бұлардың қайсысы табиғи факторларға, қайсысы адамның іс-әрекетіне байланысты екенін айтып бер. Су тасқынының алдын алуға бола ма?

Әдетте, су тасқынының орын алуына жауын-шашынның мол түсуі себеп болады. Жауын суы жерге сіңіп, ағып үлгермесе, сол маңайдағы алқапты су басады.

Кей жылдары көктемде күн ерте жылиды. Соның салдарынан қыс бойы жауған қар жылдам ериді. Егер қар қалың жауса, су басу қаупі артады.

Сондай кезде суқоймасындағы судың деңгейі ернеуінен асып, елді мекендерге қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай жағдай алапат су тасқынына әкеліп соғады.

**СУ БАСУ ҚАУПІ ТӨНГЕНДЕ ҚАУІПСІЗ  
ЖЕРГЕ КӨШІҢДЕР!  
ЕРЕЖЕНІ ЕСТЕ САҚТАҢДАР!**

**Су басу қаупі төнген жағдайда:**

- Өзіңмен бірге тамақ, су, жылы киім, медициналық қорап, құтқаратын шеңбер, сіріңке, жіп т.б. алу керек.
- Жоғарғы қабатқа көтерілу, не үйдің төбесіне шығу керек.
- Құтқарушылар келгенше отырған жеріңде күту керек.
- Жалау, жарық түсіретін құрал, немесе майшамды жағып, қай жерде екеніңді білдіріп, белгі беру керек.





Суреттерге қара. Су тасқыны кезінде не істеу керектігін парталасыңмен бірге талқылаңдар.

Төтенше жағдайда өзіңді қалай ұстау керек? Айтып бер.



Жер сілкінісі қаупі төнгенде адамдар үйден шығып кетуі керек. Жер сілкінісі кезінде атқарылатын қауіпсіздік шаралары суретте дұрыс орналасқан ба?



ТЕЛЕДИДАР, РАДИОНЫ ҚОСЫП, ХАБАРЛАМАНЫ ТЫҢДА



СУДЫ, ГАЗДЫ ТОҚТАТЫП, ЭЛЕКТРДІ АЖЫРАТЫП, ОТТЫ СӨНДІР



ТАМАҚ ПЕН СУДЫ ГЕРМЕТИКАЛЫҚ ЫДЫСҚА САЛ



ҚАЖЕТТІ ЗАТТАР МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ АЛ



ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ПУНКТКЕ БАР



ТӨМЕНГІ ҚАБАТТАҒЫ ЕСІК-ТЕРЕЗЕЛЕРДІ БЕКІТУ КЕРЕК



ҚҰНДЫ ЗАТТАРДЫ ЖОҒАРҒЫ ҚАБАТҚА АПАР

### Жағдайды талқылайық



**1-жағдай.** Жаздың әдемі бір ашық күнінде табиғат аясына демалуға шықтыңдар. Кенет ауа райы бұзылып, жаңбыр жауды. Құрған шатырлар су жиналатын жерде қалды. Бұл жағдайда не істер едіңдер?

**2-жағдай.** Көрші ауылды су басқаны жөнінде теледидардан хабар берілді. Су басқан ауылға қандай көмек беруге болады? Өз пікіріңді айт.

**Тапсырма.** Су тасқынынан зиян шеккен адамдарға арнайы сәлемдеме әзірле. Оған не саласың?

### Біз табиғатты қорғаймыз!

Біздің бабаларымыз табиғатта жойқын, қаһарлы сәттердің болатынын білсе де, оған ерекше мейіріммен, қамқорлықпен қараған. Табиғатты мейірбан әрі жомарт деп бағалаған. Себебі табиғат адамдардың кесе – киімі, жесе – азығы, тоңса – баспанасы болды.



Әрқайсысымыз табиғаттың бір бөлшегі екенімізді білуге тиіспіз. Оған зиян келтірсек, өзімізге зиян келтіретінімізді ұмытпайық!



7 минут ішінде шағын жоба құрастыр.

**Зерттелетін зат:** су тасқыны – стихиялық құбылыс.

**Зерттеу нысаны:** су басқан аймақ.

**Болжам:** су тасқынының қауіпсіздік ережелерін білсең, төтенше жағдайда адам өмірін құтқарып қалу мүмкіндігі.

**Мақсаты:**

- су тасқынының зардабын анықтау;
- төтенше жағдай кезіндегі өзіңнің қорғану әрекетіңді білу.



# 20-

сабақ

## Жасанды ортадағы қауіп-қатер

### СЕН

– үй жағдайында болатын қауіп-қатер туралы білесің.


### СЕН

– от, су, газды қолданудың түрлі сақтық ережелерін үйренесің.

**Тірек сөз:** жасанды орта.



Сызбаға қарап, адамның қандай ортада тіршілік ететінін айт. Жанды және жансыз табиғатқа мысалдар келтір. Қалай ойлайсың, адамның жасанды тіршілік ортасына не жатады?



Біз жасанды ортада өмір сүреміз. Бұл – адам қолымен жасалған жасанды дүниелер. Адам баласының өз қажеті үшін жасаған дүниенің бәрі жасанды ортаға жатады.



Суреттерге қара. Тұрмыс құралдарының адамға тигізетін пайдасы мен қауіптілігін айтып бер.





Бұл құралдардың бәрін адам өзіне қолайлы болуы үшін жасады. Бірақ кез келген заттың адам өміріне қауіпті әрі қауіпсіз жақтары болуы мүмкін. Көп нәрсе өзімізге байланысты. Адам құралдарды дұрыс пайдалана білсе, олар ешқашан зиянын тигізбейді.



Суреттердегі жағдайларға қандай кеңес бересіңдер?



Үйде өрт шығуы, газ таралуы, суқұбырының жарылуы мүмкін.



*Өрт шыққанда не істеу керек?*

## ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



Ыстық электр құралдарына су шашуға болмайды!

Терезені ашпа!

Өрт кезінде тығылуға болмайды!



Үйден тез шығып, қабырғаны бойлап жүр, түтін иісінен уланбас үшін мұрыныңды сулы шүберекпен жап!

Лифтіні (жеделсатыны) пайдаланба!

Өрт кезінде көршілерден көмек сұра, өртсөндірушілерге хабар беруін өтіні!

Үйде бір нәрсе жана бастаса, отты жылдам сөндіруге тырысу керек. Ол үшін жанған нәрсенің үстін көрпемен жаба салған дұрыс. Ауа болмаса, от жылдам сөнеді. Мұрынды сулы орамал немесе сүлгімен жауып, сыртқа шық. Ал егер от жалыны өрши бастаса, арнаулы орындарға қоңырау шалу қажет.



Өрт қаупі ұлғайса, 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт-сөндірушілерді шақыру қажет. Үйдегі адамдар жылдам сыртқа шығуы тиіс!



Суреттерге қарап, өрт қауіпсіздігінің ережесі туралы айтып бер.

***Бөлмеге газ таралғанда не істеу керек?***



Егер үйде газдың иісі сезілсе, жылдам терезені ашып, бөлмені желдету керек. Содан кейін газ плитасының ашық-жабықтығын тексеріп, құбырға бекітілген кранды ажырату қажет. Газдың иісі бар бөлмеде сіріңке жағуға, жарықты қосуға болмайды. Ауаға жиналған газдан жарылыс шығуы мүмкін. Газ иісі жойылмаса, дереу газ қызметіне немесе 104 нөміріне қоңырау шалуды ұмытпа!





Суреттер мен мәтінді пайдаланып, газ таралғандағы іс-әрекет туралы әңгімеле. Суретші қандай ережені салуды ұмытып кеткен? Сен ол ережеге қатысты қандай сурет салар едің?

### **Суқұбыры жарылғанда не істеу керек?**

Бірінші суық су мен ыстық су келетін тетікті жап. Егер құбыр жарылып кеткен жағдайда ата-анаңа хабар бер. Немесе 112 нөміріне қоңырау шалып, көмек сұра. Көршілеріңді көмекке шақыр.



Суқұбыры жарылған жағдайда не істейтініңді айтып бер. Оның ережелерін қалай бейнелер едің?

### **Жағдайды талқылайық**



Газ, су, тұрмыс құралдарын қатыстырмай «Үйдегі жеке қауіпсіздік ережесін» құрастырыңдар. Кеңестеріңді дәлелдендер.

**1-жағдай.** Белгісіз біреу үйіңнің есігін ашпақшы болса, не істер едің?

**2-жағдай.** Бейтаныс адам телефон соғып, үйде кімдер барын сұраса, не дер едің?

**3-жағдай.** Сабақтан келгенде үйіңнің есігі ашық болса, қандай әрекет жасайсың?



Ас бөлмесіндегі краннан су тамшылап тұр. 6 минуттың ішінде стақан толады. 5 стақан су 1 литр су болса, 1 сағатта қанша су ағады? Ал тәулігіне қанша су ағуы мүмкін?

# 21

сабақ

## Жасанды ортадағы менің қауіпсіздігім

### СЕН

– көшеде жүрудің қауіпсіздік ережелерін есіңе түсіресің.

### СЕН

– өз қауіпсіздігіңді жоспарлауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** қауіпсіздік, жол жүру ережелері.



Күн сайын үйден шыққан адамға түрлі жағдайлар кез болуы мүмкін. Ол қандай қауіп-қатерлер деп ойлайсың?



«Адам қолымен жасалған жасанды орта» деп елді мекендерді, тұрғын үйлерді, жолдарды, көлік құралдарын, техникалар мен басқа да көптеген дүниелерді айтуға болады. Олардың бәрін адам өзінің өмірін жақсарту үшін жасады. Алайда олардан келетін қауіп-қатерлер де бар.

*Солардан өзіңді қалай сақтандыруың керек?*

Көшеге шыққанда сен жаяу жүргінші не велосипедші, не көліктегі жолаушы боласың. Соның бәрінде сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері бар.

### Сен жаяу жүргіншісің



Суреттерге қарап, өзара талқылаңдар:

- Мұндай жағдай неге қауіпті?
- Қауіпті жағдайға ұрынбау үшін балаларға қандай кеңес бересіңдер?



### Жаяу жүргіншінің сақтайтын ережелері:

1. Тек жаяу жүргіншілер жолымен ғана жүр.
2. Ешқашан көлік жүретін жолда ойнама.
3. Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана жолдан өтуге болады.
4. Жаяу адам жүруге болмайтын жолдан өтпе.

### Сен велосипедшісің

Саған велосипед сатып әперсе, оны қандай жерде тебетініңді біліп ал. 14 жасқа дейінгі балаларға көлік жүретін жолда велосипед тебуге тыйым салынған. Ал егер жолдан өту керек болса, велосипедтен түсіп, оны рулінен ұстап, жаяу жүргіншілердің жолымен өтуің қажет.



Суретке қара. Бұл жағдай неге қауіпті? Қала көшелерінде велосипед тебуге арналған жол бар ма? Оның белгісі қандай?

### Сен көліктегі жолаушысың



Ережені оқы. Көлікте отырған жолаушы қандай ережелерді білу керек? Түсіндіріп көр.

### Жолаушының сақтайтын ережелері:

1. Көлікте келе жатқанда терезеден басыңды шығарма!
2. Көлік жүргізушіні алаңдатпа!
3. Көлікке тек жаяу жүргінші жолы жағынан мініп, түс!

### ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢДАР!



Суреттегі жол белгілерін есіңе түсір! Ескерту, тыйым салу белгілері нені меңзейтінін түсіндір.

Үйіңнің айналасында қандай қауіпті жағдайлар болуы мүмкін:

- құрылыс алаңында немесе трансформатор күркесінің жанында ойнама;
- саябаққа немесе орманға жалғыз барма.



Бұл ережелерді не үшін сақтау қажет екенін досыңа түсіндір.

### Пікіріңді дәлелде

*Арман:* – Көшеде бейтаныс адам көмек сұраса, бас тартпай, сыпайы болу керек.

*Майра:* – Қылмыскердің алдауына түспес үшін әрдайым өз қауіпсіздігіңді естен шығармауың керек!

Кімнің пікірі дұрыс?

### Жағдайды талқылайық

**1-жағдай.** Көшеде танымайтын адам сені алып келу үшін анаң жұмсап жібергенін айтса, не істейсің?

**2-жағдай.** Танымайтын адам сені мәшинеге отыруға шақырып, балалар бағдарламасына түсіруге алып баратынын айтса, еріп барасың ба?


**3-жағдай.** Көшеде біреу қалдырып кеткен қапшық тауып алсаң, не істейсің?

### Қауіп-қатер төнгенде сақталатын ережелер:

- қауіп туындайтын жағдайларды алдын ала болжау;
- мүмкіндігінше қауіпті жағдайдан аулақ болу;
- қауіп төнген жағдайда ғана әрекет ету.



Диаграммаға қара. Балалар жиі ұшырайтын көше оқиғасының себептерін ата. Қорытынды жаса.



- Көшенің рұқсат етілмеген тұсынан өту
- Көліктен дұрыс түспеу
- Бағдаршамның белгісіне назар аудармау
- Жолда ойнау
- Басқалар



## VI. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- өз өлкеңдегі ауылшаруашылығы салаларымен танысың;
- қоршаған ортаны қорғау шараларын талқылайсың;
- глобус пен картаның не үшін қажет екенін білесің;
- картадан географиялық нысандарды тауып үйренесің;
- «ЭКСПО–2017» көрмесін ұйымдастыру Қазақстанды қандай жетістіктерге жеткізгенін білесің.



# 22

сабақ

## Менің өлкемнің ауылшаруашылығы

### СЕН

– ауылшаруашылығының салалары туралы білесің.

### СЕН

– өз өлкеңнің ауылшаруашылығын сипаттауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** өсімдікшаруашылығы, малшаруашылығы.



Адам не себепті тамақсыз өмір сүре алмайды? Себебін түсіндір.

Біздің дастарқанымызға нан және басқа да тағамдар қайдан келеді? Оны қайдан алады?

Осыдан оншақты жыл бұрын ауыл тұрғындары ұжымшарлар мен кеңшарларда еңбек еткен. Ондай ұжымдық шаруашылықтарда адамдар көгөністер өсіріп, бірлесіп мал баққан. Жер телімдері мен техника құралдары ұжымшарға немесе кеңшарға қарасты болған. Астықтың бір бөлігі мемлекетке өткізілетін.



*ұжымшардағы еңбек*

Қазір ауылда жеке қожалықтар – фермалар пайда болды. Ферманың қожайыны – фермер. Оның қарамағында жер телімі, техникасы, малдары бар.

Қандай малшаруашылығымен немесе дақыл өсірумен айналысатынын фермердің өзі

шешеді. Ол жиналған өнімнің көп бөлігін сатады да, қалған бөлігін өзіне қалдырады. Бұл – фермердің шаруашылығын өркендетуге бағытталған жоспарлы ісінің бірі.



*фермерлік шаруашылық*



Парталасыңмен мына сұрақтарды талқыла:

- Фермер қандай шаруашылықпен айналысады?
- Фермер болу үшін оның бойында қандай қабілеттер болуы керек?
- Шаруашылықты жүргізу үшін фермер қандай техникаларды пайдаланады?
- Мысалы, сен көгөніс өсіретін фермерсің. Картоп, қант қызылшасы, сәбізден мол өнім алсаң, оны сақтау үшін не істейсің?



Сызбаға қара. Ауылшаруашылығы қандай салаларға бөлінетінін айт. Әр саланың мамандары немен айналысатынын анықта.





Өсімдікшаруашылығы				Малшаруашылығы
Дәнді дақыл	Техникалық дақыл	Көгөніс	Бау-бақша	Салалары
бидай, қара-бидай, арпа, тары, сұлы	мақта, күнбағыс, қант қызылшасы	картоп, сәбіз, қызылша, пияз, орам-жапырақ	алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім	ірі қара, жылқы, түйе, құс, ара, балық-шаруашылықтары



Өздерің тұратын аймақтың табиғат жағдайы қандай шаруашылықпен айналысуға қолайлы? Оны білу үшін мына мәселелерді анықтаңдар:

- жер жағдайының ерекшелігі;
- ауа райының қолайлылығы;
- су көздерінің алыс-жақындығы.

*Ойыңды қорытындыла:*

- Сен тұратын жерде ауылшаруашылығының қай саласы жақсы дамыған? Неліктен?
- Ауылшаруашылығында мол өнім алуға климат жағдайы әсер ете ала ма?



Сұрақтар бойынша постер құрастырыңдар:  
 – Өлкелеріңде қандай мәдени дақылдар өсіріледі?  
 – Төрт түліктің қандай түрлері бар?



Өсімдікшаруашылығы бірнеше салаға бөлінетінін білесің. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, оның біреуіне сипаттама бер.

# 23

сабақ

## Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні

### СЕН

– қоршаған ортаны қорғаудың шараларын білесің.

### СЕН

– қай жерде тұрғаныңды түрлі табиғи белгілерге қарап, анықтауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** экология, экологиялық проблема.



Өмірде бізге айналамызды бағдарлай білу қажеттілігі жиі туындайды. Ондай жағдайда маңайымызды бағдарлауға көмектесетін заттарға көңіл аударамыз. Табиғат аясында, қалада, ауылда бағытыңды бағдарлауға көмектесетін заттарды таңда. Сенің таңдауың неге бұл заттарға түсті? Себебін түсіндір.





Суретке қара. Қазақ халқының ертеден келе жатқан кәсіптері туралы әңгімеле. Олар төрт түліктің қай түрін өсірген? Мал жайылымдарының қандай түрлерін білесің? Суретте жұрт қай жайылымға көшіп барады?



*Н. Хлудов. «Салтанатты көш»*

Табиғат көшпелілер үшін туған үйіндей болды. Олар жер жағдайын жақсы білгендіктен, жылдың қай мезгілі болса да, адаспай жол табатын. Өздерін табиғаттың бір бөлшегі санаған бабаларымыз табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, сұлулығын бағалай білді.

Олар күнкөріс жағдайы үшін табиғаттан тек керегін ғана алды. Бабаларымыздың табиғатқа деген қамқорлығын үлгі тұтамыз.



Қазір табиғатқа деген көзқарас өзгерді. Кең далада үлкен қалалар бой көтерді, зауыттар мен фабрикалар, шахталар мен кеніштер ашылды. Адам табиғат байлығын игеру, су көзін шексіз пайдалану, топырақты тыңайтпай қолдану арқылы оған зиянын тигізіп жатқандығын түсінді. Соның салдарынан Жер бетінде экологиялық проблемалар пайда болды. Келесі беттегі суреттерге қарай отырып, олардың бір-бірімен байланысын айтып бер.





**Экологиялық проблема – адамның табиғат байлығын шектен тыс пайдалануы салдарынан табиғи жағдайдың бұзылуы.**



Табиғатты қалай сақтауға болады? Оның қандай жолдары бар?



Біз жерастынан газ, мұнай, көмір, темір өндіргенде энергияны қолданамыз. Нұр-Сұлтан қаласында өткен «ЭКСПО–2017» көрмесіне су, жел, Күн энергиясын қолданатын елдер қатысты. Энергияны тұрмыста пайдаланудың маңызын дәлелдеңдер. Ол үшін төмендегі тірек сөздерді қолданыңдар: *экологиялық таза, қолжетімді энергия, қоршаған ортаға зиянсыз т.б.*

Ал енді қоқысқа қатысты проблеманы зерделеп көрейік. Біз күнделікті тіршілікте түрлі заттарды қолданамыз. Оларды қажетінше пайдаланамыз да, тозғанда немесе бүлінгенде



қоқыс төгетін орын

ойланбастан лақтырып тастаймыз. Кез келген зат ерте ме, кеш пе, әйтеуір қоқысқа тасталады. Қоқыс көлемі ірі қаланың әр тұрғынына шаққанда жылына шамамен бір тоннадан айналады.



Пайдаланған затты қоқысқа тастаған дұрыс па, әлде оны екінші қайтара өңдеп қолданған тиімді ме? Экологиялық проблеманы қалай шешуге болады? Өз ойыңды айтып бер.

Бүгінде тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдаланудың жолы қарастырылып отыр. Ондай жағдайда шикізат үнемделеді, қоршаған орта қоқыс қалдықтарымен ластанбайды.



Пластик ыдыстар, газеттер мен тіс щёткаларын тағы басқа заттарды тұрмыста қайта пайдаланудың тәсілдерін ойлап табыңдар. Сенің алдыңда алты жәшік тұр. Оған қайта өңдеуге болатын қалдықтарды жеке-жеке бөліп сал. Ол жәшіктерге қандай атау бересің?



- Қосымша әдебиеттерді қолданып, экологиялық проблема туғызатын жағдайларды анықтаңдар. Ол не себепті пайда болған? Оның адамға қандай зияны бар?
- Проблеманы шешудің жолдарын ұсын. Құрастырған шаралар сыныптастарыңның ойымен сәйкес келе ме?
- Өз ойың мен ұсынысыңды сыныптастарыңның пікірімен салыстыр. Бәрің бірге талқылаңдар.

# 24

сабақ

## Глобус және карта

### СЕН

– глобус пен картаның не үшін қажет екенін білесің.

### СЕН

– глобус пен картадан негізгі нысандарды көрсетуді үйренесің.

**Тірек сөздер:** глобус, карта, құрлық, мұхит.



«Карта – адамның ұшқыр ойынан пайда болған ұлы туындылардың бірі» деген пікірді талқыла.

Бұл оймен келіссең, жауабыңды дәлелде. Картадан нені анықтауға болатынын есіңе түсір.

Жер туралы ғылымды, яғни географияны картасыз түсіндіру мүмкін емес. География Жердің табиғатын, онда мекендейтін халықты, шаруашылықты зерттейді.

Географтармен бірлесе отырып, дүниежүзіне саяхатқа шығайық. Ірі құрлықтар мен мұхиттарды табайық. Біздің саяхатымызға глобус пен карта жол көрсетеді.

*Глобус – Жердің дәл үлгісі. Глобус – латын тілінде «шар» деген сөз. Глобуста Жер шары бірнеше есе кішірейтіліп алынады.*

### Пікіріңді дәлелде

**Кімнің пікірі дұрыс?**

*Майра:* – Меніңше, глобус Жерге онша ұқсамайды. Ол өте кішкене әрі қағаздан жасалған.

*Арман:* – Ал, меніңше, карта мен глобуста ұқсастық бар. Оның пішіні мен түсіне қарашы!



Глобуста географиялық нысандардың барлығы бейнеленеді.



**Глобус пен картадағы түстер нені білдіреді?**



көк түс –  
су



сары, қоңыр түс –  
құрлық




ақ түс –  
қар, мұз

Бұдан мыңдаған жылдар бұрын адамдар беймәлім аймақтарға қайықпен саяхаттауға шыққан. Құрлықты түйемен, атпен жүріп өткен. Оларды *жиһанкездер* деп атады. Жер шарын жиһанкездер айналып шыққаннан кейін алғашқы карталар жасалды.

**Географиялық карта – Жер бетінің кішірейтіліп, шартты белгілермен жазықтыққа түсірілген бейнесі.**

Қазір географиялық карталардың түрі өте көп. Физикалық және саяси карталар бар. Кейбір картада бүкіл Жер шары бейнеленсе, басқасында оның бір бөлігі ғана беріледі.

### Дүниежүзінің жартышарлар картасы



Ғалымдар глобусты шартты түрде ортасынан бөліп, картаға түсірген. Соның нәтижесінде Жер шарының батыс және шығыс жартышарлары пайда болды. Одан Жер шарын тұтас көруге болады.



Глобус пен жартышарлар (98-беттегі) картасын салыстыр. Олардың қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары барын біл.

**Қосымша ақпарат.** Глобуста құрлық, арал, Жер бетінің барлық нысандарының пішіні мен мөлшері айнытпай бейнеленеді. Бірақ Жер бетін егжей-тегжейлі түсіру үшін үлкен глобус жасауға тура келеді. Ондай глобус пайдалануға ыңғайсыз. Сондықтан карта жасалды.

### ***Мұхит – Жер бетіндегі ойыстарға жиналған табиғи суайдыны.***

Жер бетінде төрт мұхит бар.

Үнді мұхиты – ең тұзды мұхит.

Атлант мұхиты – ең көп балық ауланатын мұхит.


Солтүстік Мұзды мұхит – ең кіші, ең таяз, ең суық мұхит.

Тынық мұхиты – ірі әрі ең терең мұхит.

### ***Құрлық – жан-жағын мұхиттар мен теңіздер қоршап жатқан орасан зор ауқымды жер бөлігі.***











Картадан ірі мұхиттарды тауып ата.

Жер бетінде аралдар саны өте көп. Аралдың мұхиттық, құрлықтық түрлері бар.

Ал үлкен құрлықтың саны алтау – Америка (Солтүстік және Оңтүстік), Еуразия, Австралия, Африка, Антарктида.




- Глобустар мен карталар бізге не үшін қажет?
- Адамдар күнделікті өмірде картаны қолдана ма?



«Дүниежүзінің жартышарлар картасына» қара. Қазақстаннан Солтүстік Америкаға бару үшін жолда қандай елдер мен мұхиттарды кездестіресің? Ол жаққа көліктің қай түрімен баруға болады?

### Дүниежүзінің жартышарлар картасы



1. «Мен глобусқа қарап, Жер туралы не айта аламын?» деген тақырыпта шағын әңгіме жаз.
2. Қолдан глобус жасап көр. Құрлықтар мен мұхиттардың суреттерін салып, атауын жаз.

# 25

сабақ

## Глобус және географиялық картамен жұмыс

### СЕН

– градус торының карта мен глобуста қалай бейнеленетінін білесің.

### СЕН

– карта мен глобустан параллельдер мен меридиандарды ажыратуды үйренесің.

**Тірек сөздер:** меридиан, параллель, экватор.



Ғарышкер Талғат Мұсабаев: «Жерді ғарыштан көргенде қайран қаласың. Көгілдір ғаламшар өзінің жылуы және жарығымен таңғалдырады», – деп әсерін жеткізді.



Ғарыштан қарағандағы Жердің пішінімен глобусты салыстыр. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды байқадың?



ғарыштан қарағандағы  
Жердің пішіні



глобус

Глобустың дәл ортасынан көлденең көк сызық қиып өтеді. Ол **экватор** деп аталады.

Экватор Жерді солтүстік және оңтүстік жартышарларға бөліп жатыр. Жердің өзінде мұндай сызық жоқ. Оны математикалық жолмен есептеп шығарған.

Жердің солтүстік полюсі мен оңтүстік полюсін жалғап жатқан доға тәрізді сызықтар **меридиандар** деп аталады.

Картада солтүстік және оңтүстік бағыттарды меридиандар бойынша көрсетеді. Бұл сызықтардың ұзындықтары бірдей.

Егер осы сызықтардың кез келгенін бойлап ойша саяхат жасасаң, не Жердің солтүстік нүктесі – солтүстік полюске, не оңтүстік нүктесі – оңтүстік полюске барасың.

Экватордан басталатын арақашықтықтары бірдей сызықтар **параллельдер** деп аталады.

Параллельдер шығыс немесе батыс бағытты көрсетеді.



параллельдер



меридиандар



Глобус пен картаға түсірілген меридиандар мен параллельдер **градустық торды** құрайды. Жер бетіндегі әр нысанның орнын сол анықтайды.

Географиялық координаталар ендік пен бойлықтан тұрады.

**Географиялық координаталар** Жер бетіндегі кез келген нысанның орнын көрсетеді.



«Қазақстанның физикалық картасына» (41-беттегі) қарап, Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласының географиялық координаталарын анықтаңдар.



Қосымша ресурстарды пайдаланып, глобустар мен карталардың түрлері туралы ақпарат жина. «Географиялық карталардың түрлері» деген тақырыпта шағын таныстырылым жаса.

«География – көптеген мамандықтың негізі» деген тақырыпта жоба дайында. Жобаның мақсаты:

1. Мамандықтың қай саласына географиялық білім қажет?
2. Картаны қай мамандар көп қолданады?

### Сен білесің бе?

Глобус XV ғасырдан бастап шығарыла бастаған. XVII ғасырда І Петрдің тұсында Ресейде ғажайып глобус жасалған. Оның диаметрі – 3 метр. Ішіне аспан күмбезін көрсететін нағыз планетарий орнатылған. Оған 12 адам еркін жайғасатын болған. Глобус Жердің қозғалысын елестетіп, айналып тұрған. Ішіндегі адамдар соған сәйкес аспан күмбезінің өзгерісін бақылап отырған.

# 26

сабақ

## Әр алуан тапсырмалар

I. Берілген сөз тіркестерінен «Климат және оның басты белгілері» тізбегін құрастыр.

Климат

ауа массаларының қозғалысы

температураның маусымдық өзгерісі


жел

шаңды дауыл

жауын-шашын

Күн сәулесінің Жер бетіне түсу бұрышы

II. Суреттерге қара. Қандай себептерден су тасқыны болатынын анықтаңдар.



### III. Сөйлемдерді аяқта.

Глобус – Жердің \_\_\_\_\_. Ол \_\_\_\_\_ ұқсайды. Онда құрлықтар, мұхиттар мен теңіздердің қалай орналасқаны жақсы көрініп тұр. Полюстерді жалғастыратын сызықтар \_\_\_\_\_ деп аталады. Оның біреуі қою түсті болады. Ол глобусты екі бөлікке \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ жартышарға бөледі. Экваторға параллель орналасқан сызықтар \_\_\_\_\_ деп аталады. Олардың кейбіреулерінің өз атаулары болады: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.

**Көмекші сөздер:** дәл үлгісі, шар, меридиандар, Батыс, Шығыс параллельдер, Солтүстік поляр шеңбері, Оңтүстік поляр шеңбері, экватор, Солтүстік тропик, Оңтүстік тропик.

### IV. Ребустарды шеш. Шешуіндегі заттардың қандай қаупі бар екенін түсіндір.

**ҚАЙНАР' + "ТОҒАН СУ  
ИНЕЛІК"  
ҮКІ" + ТІКЕН"  
"КЕСІРТКЕ"  
"ДІҢ + "КҮРКЕ**

### V. Ұсынылған нұсқалардың дұрыс жауабын таңда.

1. Көліктер жолдың қай жағымен жүреді?
2. Қалада жаяу жүргіншілерге қай жермен жүруге рұқсат етілген?
3. Ауылдық жерлердің көшелерінде жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, олар жолдың қай жағымен жүргені дұрыс?
4. Жол қозғалысына қатысушылардың бәрі қандай ережеге бағынады?
5. «Жолда жүру ережесі» кімдерге арналған?

**Жауап нұсқалары:** 1. Жаяу жүргінші. 2. Жүргізуші. 3. Жол жиегімен. 4. Жүргіншілер жолы. 5. Көлік. 6. Жолда жүру ережесі. 7. Көліктің жолы. 8. Жаяу жүргіншілер өткелі. 9. Бағдаршам. 10. Жол реттеуші.



## VII. ҒАРЫШҚА САЯХАТ

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- Қазақстанның білім берудегі жетістіктері жөнінде білесің;
- Тоқтар Әубәкіровтің ғарышты игеруге қосқан үлесі туралы білесің;
- еліміздің әлемдік аренадағы рөлін анықтайсың;
- болашақ мектебінің моделін құрайсың;
- «Арманға жетудің бес қадамы» жолкөрсеткішін жасайсың;
- Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі туралы кластерді толтырасың;
- Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері туралы коллаж құрастырасың.



# 27

сабақ

## Қазақстанның білім берудегі жетістіктері

### СЕН

– еліміздегі білім беру саласының дамуы жөнінде білесің.

### СЕН

– болашақ мектебінің жобасын құрастыруды үйренесің.

**Тірек сөздер:** институт, университет, гимназия, лицей, колледж.

Суретке қара. Ересек адамдардың немен айналысып жатқанын байқадың? Өз ойыңды айтып бер.



XX ғасырдың басында халықты жаппай сауаттандыру мәселесі қолға алынды. Сөйтіп, ауылдар мен қалаларда білім беру пункттері ашылды. «Қызыл отауларда» ересек адамдар білім алды.



1930 жылы барлық балаға міндетті түрде бастауыш білім беру тәртібі енгізілді. Қазақ тіліндегі оқулықтар дайындалды. Қазақ тіліндегі алғашқы «Алгебра» оқулығын Қаныш Сәтбаев, «География» оқулығын Әлихан Бөкейханов жазды. 1928 жылы мұғалімдерді даярлайтын Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты ашылды. Бірнеше жылдан кейін институтқа Абай Құнанбаевтың есімі берілді.



*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

1962–1963 жылдары жетіжылдық мектептен жалпыға ортақ сегізжылдық білім, содан кейін жалпыға ортақ онжылдық білім енгізілді. 1980–1990 жылдары жалпыға бірдей білім беру саласында алты жастан оқыту жүйесі қолға алынды. Негізгі жалпы білім берудегі орта мектептер 11 жылдық болды. Мектептерде еңбекке тәрбиелеу ісіне үлкен көңіл бөлінді.



Ата-анаң мектепте қандай оқулықтардан білім алғанын сұра. Оларды қазіргі оқулықтармен салыстыр. Өз ойыңды қорытындыла.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда білім беру саласында көп жұмыс атқарылды. 1991 жылдан бастап гимназия, лицей мен колледждер пайда болды. Облыс орталықтарында дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар ашылды. Мектептер компьютермен жабдықталып, интернет жүйесіне қосылды.

1993 жылы Елбасы Н. Назарбаев халықаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындады. Соның нәтижесінде жас мамандар әлемдегі озық университеттерде білім алды.

Республикамызда зияткерлік мектептер мен жоғары деңгейдегі оқу орындары ашылды.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫ

**БЛАШАҚ**

МЕЖДУНАРОДНАЯ СТИПЕНДИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Еліміздегі орта білім беру жүйесі өзгере бастады.

Бүгінгі мектеп оқушыларды өздігінен шешім қабылдай білуге, үш тілде сөйлеуге үйретеді. Қажет ақпараттарды өзі іздеп, түрлі деректерді табуға бейімдейді.

Ойланып көр, сабақтағы қандай жұмыс түрі тапсырмаларды жеңіл орындауға көмектеседі?



Жүз жылдың ішінде еліміздегі білім саласы қарыштап дамыды. Осының бәрі кезінде ересектерге жазу мен оқуды үйреткен «қызыл отаулардан» басталған. Ал бүгін олар гимназия, лицей сияқты мектептерге айналды.

*Сеніңше, бұл өзгерістер қандай нәтижелер берді?*



Сенің алдыңда екі мақсат тұр:

- 1) «Өмір бойы білім алу».
- 2) «Өмір бойы бір білім».

Пікір алмасыңдар. XX ғасырға қай мақсат лайық, XXI ғасырға ше? Неге?



Топпен жұмыс істей отырып, XXI ғасыр мектебінің жобасын жасап көріңдер. Енді 50 жылдан кейінгі мектептің ғимаратын, сынып бөлмелерінің жабдықталуын, оқулықтарды қалай елестетесіңдер? Ол мектепте білім алған оқушы қандай жетістікке жетуі мүмкін?

# 28

сабақ

## Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері

### СЕН

– Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа қосқан үлесі туралы білесің.

### СЕН

– Қазақстанның ғарышты игеру саласындағы жетістіктерін сипаттауды үйренесің.

**Тірек сөздер:** ғарыш, ғарышайлағы, дыбыстан жүйрік ұшақ.



Ақын Олжас Сүлейменов «Адамға табын, Жер, енді» поэмасында «Адам баласы неге жұлдыздарға ұмтылады?» деген ой тастайды. Сен бұл сұраққа жауапты қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің бала күнгі арманынан таба аласың.

Әрдайым көкке ұмтылған адам баласы ерте замандардан-ақ ғарышқа ұшуды армандады. Ақыл-ойдың кемелденіп, техниканың қуатты дамуы бұл арманның орындалуына жол ашты.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды. Содан бері Тәуелсіздік күні зор салтанатпен аталып өтіледі.

1991 жылы 2 қазанда «Байқоңыр» ғарышайлағынан тұңғыш рет қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. Кейін ғарышкерлер қатарын Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтер толықтырды.

Тоқтар Әубәкіров – алдына қойған мақсатына жете алатын батырдың айқын үлгісі. Ол бала кезінен ұшқыш болуды



*Тоқтар Әубәкіров*



*Талғат Мұсабаев*



*Айдын Айымбетов*

армандаған. Атақты ұшқыштар Талғат Бигелдинов пен Нұркен Әбдіровті үлгі тұтқан.

Тоқтар 18 жасында Қарағандыдағы ұшқыштар үйірінде жаттықты. 1965 жылдың маусымында бірінші рет ұшақпен көкке көтерілді. Қатты қуанғанынан: «Мен құстай самғап келем – менің қанатым бар!» – деп айғайлаған екен.

1969 жылы Армавирдегі жоғары әскери авиация училищесін аяқтады. Содан 10 жыл өткенде Мәскеудегі авиация институтында оқып, сынақшы-ұшқыш дәрежесін алды. Тоқтар көптеген ұшақтарды сынақтан өткізді. Жылдамдығы дыбыстан жоғары ұшақтарды да басқарды. Тоқтар әлемдегі ең үздік сынақшы-ұшқыштардың ондығына қосылды. Жаңа авиация техникаларын сынақтан өткізу барысында көрсеткен ерлігі үшін 1988 жылы Тоқтар Әубәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Ол 1991 жылы Юрий Гагарин атындағы ғарышкерлерді даярлайтын орталықта жаттығулар өткізді.



*халықаралық экипаж  
құрамында:  
Тоқтар Әубәкіров,  
Александр Волков,  
австриялық ғарышкер  
Франц Фибек*



Тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровке ғарышқа ұшқан ерлігі үшін Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» ордені берілді.

**«Мен ғарышқа атақ үшін ұшқан жоқпын. Менің халқым «Ғарышқа барып келген ұлым бар!» деп мақтанса екен дедім. Осы сезім маған жігер берді. Ғарыш кемесі бұйрық бойынша орнынан қозғалған сәтте мен: «Халқым менің, сен үшін бәріне дайынмын!» – дедім».**

**Осы эпизодтан Тоқтардың бойындағы қандай асыл қасиеттерді байқадың?**

Республикамыздағы Қызылорда облысының аумағында «Байқоңыр» ғарышайлағы орналасқан. Адамзат алғаш рет ғарышкемесімен осы жерден ғарышқа ұшқан. Жасанды Жер серіктері де осы айлақтан ғарышқа көтеріледі.

Ғарышты игеру – ел экономикасы үшін аса маңызды. Ол Қазақстанның әлемдегі ғарыш державаларының қатарына қосылуына жол ашты.



Жүппен жұмыс істей отырып, Тоқтар Әубәкіровтің өздеріңе ұнаған адами қасиеттерін атаңдар. Ғарышкерге ұқсағыларың келе ме? Себебін түсіндіріңдер.



1. Адамның арманға апаратын жолын биік шыңмен салыстырады. Тоқтар арманына жету үшін қандай қадамдар жасады? Тоқтар Әубәкіровтің өмір белестерін сызба түрінде бейнелеңдер.

2. Өзің болашақта кім болғың келеді?

«Арманға жетудің бес қадамы» сатысын құрастыр. Арманға жету жолындағы белестерден нені үйреніп, қандай қасиеттеріңді жетілдіруің керек?

3. Ғарыштан қарағанда Жеріміз сондай әдемі! Бірақ адамдар ғарышқа сол әдемілікті қызықтау үшін ұшпайды. Қалай ойлайсыңдар, адамдар не үшін ғарышты игереді?



Ғарышкерге тән қасиеттерді зерттеп жаз.

# 29

сабақ

## Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі

### СЕН

– Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі туралы білесің.

### СЕН

– еліміздің бейбітшілік символын құрастыруды үйренесің.

**Тірек сөздер:** сыртқы саясат, басымдылық, ядролық қару.



Глобустан Қазақстанның Еуразия құрлығындағы орнын анықта.

Еліміз географиялық жағынан өте қолайлы жерде орналасқан.

Қазақстанның орналасу жағдайының артықшылығы неде деп ойлайсың?

Қазақстан Еуразия құрлығының ортасында орналасқан. Маңызды автомобиль жолдары мен теміржолдар, әуе желілері біздің еліміз арқылы өтеді.


Кез келген мемлекеттің сыртқы жағдайы оның географиялық орнына байланысты қалыптасады.

Әр мемлекет экономикалық жағдайына қарай көрші елдермен байланыстар орнатады.



«Азия елдерінің саяси картасына» қарап, Қазақстанның қандай мемлекеттермен шектесетінін анықта.

Азия елдерінің саяси картасы







Сызбаға қараңдар. «Қазақстанның сыртқы саясаттағы басымдығы» шеңберінде әлемдегі елдер белгіленген.

Қазақстан ең алдымен қай елмен қарым-қатынас орнатты? Себебін түсіндіріңдер. Өз пікіріңді дәлелдеу үшін әлемнің саяси картасын пайдалан.

### Қазақстанның сыртқы саясаттағы басымдығы



Қазақстан Ресеймен тығыз экономикалық және мәдени байланыстар орнатқан. Екі елдің мемлекеттік шегарасы да тым ауқымды (7,5 мың шақырымнан асады).

1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Қазақстанның оңтүстіктегі жақын көршілері – Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстанмен, сондай-ақ ТМД-ның басқа да елдерімен достық, іскерлік қарым-қатынастары артып келеді.

Қытай елінің Қазақстанмен арадағы сауда байланысы Ресейден кейінгі екінші орында.

Қазақстан АҚШ, Франция, Германия сияқты әлемдегі жетекші елдермен де жан-жақты байланыста.



Теледидардан берілген соңғы жаңалықтардан еліміздің өзге мемлекеттермен арасындағы достық байланыстары туралы не білдің? Мысалдар келтір.

Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі жылдан-жылға артып келеді. Еліміз – 70-ке жуық халықаралық ұйымның белсенді мүшесі. 1992 жылғы 2 наурыздан бастап Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) қабылданған. БҰҰ-ның құрамында 193 ел бар.



Еліміздің ядролық қарусыз өмірге деген ұмтылысын бүкіл әлем жоғары бағалады. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Бейбітшілік. XXI ғасыр» Манифесін жариялады. Осы манифесінде ядролық қарудан бас тартуға шақырды. Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша «29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні» деп жарияланды.

Қазақстанда «ЭКСПО–2017» көрмесін өткізу еліміздің әлемдік аренадағы беделін арттырды. Көрменің «Болашақ энергиясы» тақырыбы желдің, Күннің, су мен ғарыштың қуатын пайдалану мәселесіне қатысты. Көрмеге әлемнің жүзге тарта мемлекеті мен 10-нан аса халықаралық ұйымы қатысты.



Сен «ЭКСПО–2017» көрмесіне бардың ба? Көрмеден алған әсеріңді сыныптастарыңа айтып бер.



Жұппен жұмыс істей отырып, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлінің арта бастағанына мысал келтіріңдер.

- «Менің Қазақстаным әлемдік аренада» кластерін құрастырыңдар.
- Еліміздің бейбітшілік саясатын сипаттайтын символ құрастырыңдар.

# 30- сабақ

## Менің құқықтарым мен міндеттерім

### СЕН

– Конституцияның адам өміріндегі маңызын білесің.

### СЕН

– Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері жайлы оқып танысасың.

**Тірек сөздер:** Конституция, адам құқығы, міндеттер, кемсітушілік.



«Конституция» сөзінің мағынасын сөздіктен қара. Сен Қазақстанның азаматысың. Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміздегі азаматтардың құқықтары мен міндеттері жазылған.

Сен өз құқығыңмен осыған дейін танысқаның.

*Мына суреттерге қарап, соларды айтып бер.*



Конституцияда жазылған адам құқығы мен бостандығы туралы заңдарды оқып танысайық.



**12-бап (3-т.)** Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

**15-бап (1-т.)** Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. **(2-т.)** Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.



**19-бап (2-т.)** Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.



**20-бап (1-т.)** Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. **(2-т.)** Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.



**25-бап (1-т.)** Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.



**26-бап (1-т.)** Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жекеменшігінде ұстай алады.





**26-бап (4-т.)** Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар.



**32-бап.** Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы.



**33-бап (2-т.)** Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдарын сайлауға және сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.



**14-бап (1-т.)** Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

(2-т.) Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

*Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабын қалай түсінгеніңді айтып бер.*

Конституцияда құқықтардан бөлек Қазақстан азаматтары орындауға тиісті міндеттер де жазылған.



Суреттер бойынша өздеріңнің міндеттеріңді айтып беріңдер.

**Құқықтар мен бостандықтарды құрметтеу**



**Қорғау**



**Заңды орындау**



**Қазақстан азаматтарының міндеттері**



**Құрметтеу**



**Қадірлеу**



**Сақтау**



**«Эстафета» ойыны**

Сыныпта екі топқа бөлініп, құқықтарыңды кезекпен айтып беріңдер. Оған сабақта білген құқықтарды да қосыңдар. Өз жауабыңды «Менің ... құқығым бар» деген сөзбен аяқта.





Парталасыңа «Міндетсіз құқық, құқықсыз міндет болмайды» деген сөздің мағынасын түсіндір. Оның пікірін тыңда.



- Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері туралы коллаж жасаңдар.
- Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы шумақ құрастырыңдар.



Егер сен Парламент депутаты болып сайлансаң, қандай заң жобасын енгізуді ұсынар едің?

## VIII. БОЛАШАҚҚА САЯХАТ

### БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- туған өлкең бойынша туристік маршруттар жасауды үйренесің;
- техникалық прогрестің адам өміріне әсерін зерттейсің;
- *бренд* деген сөздің мағынасын білесің, Қазақстанның ұлттық брендін жасауды үйренесің.



# 31

сабақ

## Менің туристік маршрутым

### СЕН

– туристік маршрут жоспарлаудың мәнін білесің.

### СЕН

– Қазақстанның көрікті жерлеріне туристік маршрут құруды үйренесің.

**Тірек сөз:** маршрут.

Жаз жақындап қалды. Сен өз еліңнің мәдениеті мен тарихы жөнінде көбірек білгің келеді. Неден бастауды, қайда баруды ойластырып жүрсің. Ендеше, алдымен туристік маршрут құрудан бастайық. «Маршрут» деген сөзді естігенде нені елестетесің?

### Туристік маршрутты жоспарлау

*Ол үшін бізге қандай құралдар қажет?*



*Нені білу керек?*

Баратын  
бағытыңды

Саяхаттың  
мақсатын

Көлік  
түрлерін

Қаражат  
шығынын

Қажет  
уақытты

Алдымен қай жерден бастайтынымызды анықтаймыз. Картадан баратын жерлерді белгілеп, нысандарды нақтылаймыз. Ол киелі орындардан басталып, табиғаттың көрікті жерлерімен аяқталады.



Қазақстанның туристік бағыттарға жобаланған картасы



## Туристің назарына!

Туристің таңдап алған бағытына туристік фирма өз қызметін ұсынады. Туристерге көлік және экскурсия жетекшісінің таныстыру қызметі көрсетіледі.

Туристер барған жерінде тарихи және табиғи ескерткіштермен танысады. Мұндай жерде экскурсия жетекшісінің көмегі қажет пе?

Отанымыздың тарихи жерлеріне саяхат жасайық.  
Қазақстанда халық құрмет тұтатын қасиетті жерлер бар. Суреттегі киелі орындармен таныс.



*Қожа Ахмет Ясауи  
кесенесі*



*Арыстан баб  
кесенесі*



*Бекет ата жерасты мешіті*

Бұл орындар тарихи және мәдени ескерткіштер қатарына жатады. Олар өткен ғасырлардан сыр шертеді.

*Соңғы сөйлемді қалай түсінесің?*

Отанымыздың оңтүстігіндегі туристік бағыттармен жүріп отырсаң, көпшілігі рухани киелі орындар саналатын тарихи ескерткіштерден тұрады. Тарихи ескерткіштер мемлекет тарапынан қорғауға алынған.

Атауы	Бағыт	Нені көреміз?	Күндер саны	Шығындар
Қазақстанның киелі орындары	Алматы – Тараз – Шымкент – Түркістан – Алматы	Таразда – Айша бибі кесенесі, Қарахан кесенесі; Арыстан баб кесенесі Шымкенттен 150 шақырым, Түркістанда – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	3 күн	Көлік (автобус), азық-түлік, саяхат, тынығатын орын



Туризм саласында Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыс артып келеді.

1. Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы бойынша туристік маршрут құрындар. Нұр-Сұлтан қаласындағы өздерің білетін көрікті орындарды туристік маршруттың тізіміне қосыңдар.

2. Қазақстанның табиғи көрікті орындарының туристік маршрутын жасаңдар.

3. Өлкең бойынша өз туристік маршруттыңды ұсын.

4. Өз қалаңдағы (ауыл) көрікті орындардың жарнама-сын жаса.

### Сен білесің бе?

Нұр-Сұлтан қаласында ашық аспан астындағы «Атамекен» мұражайы орналасқан. Мұражайдан еліміздің басты қалалары – Нұр-Сұлтан мен Алматыны және 200-ден аса көрікті орынды көруге болады.



# 32

сабақ

## Тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейін

### СЕН

– техникалық прогресс жайлы білесің.

### СЕН

– техникалық прогрестің адам өміріне тигізетін әсерін оқып танысасың.

**Тірек сөздер:** прогресс, техника, авиация.

### Салыстырайық

Осы заманғы адамдарды тас дәуірінде өмір сүрген адамдармен салыстыр. Ежелгі адамдардың қолынан не келді? Қазіргі адамдардың еңбегі қалай атқарылады?

**Прогресс** – алға ұмтылу, дамудың жоғарғы сатысына көтерілу.

Адам баласының білімге деген ұмтылысы, ізденісі мен тынымсыз еңбегінің арқасында прогресс дамиды.

Тас дәуіріндегі қарабайыр тас балталардың орнын кремний пышақтар мен темір балталар алмастырғанға дейін қаншама жылдар өтті. Адам баласы бірнеше ғасырды артқа тастағаннан кейін ғана еңбек құралдарын қола мен темірден жасай бастады.

Суретке қара. Ауылшаруашылығында еңбек құралдарының дамуы қалай жүрді?



кетпен



соқа



доңғалақты соқа



соқа тіркеген трактор

Шаруалар ұзақ уақыт бойы жерді кетпенмен қопсытқан. Одан кейін адамдар ат жегетін темір соқаны ойлап тапты. Доңғалақты соқаны қуатты тракторлар тартты. Адам баласының өмірі жеңілдеді. Егісті алқаптың көлемі арты. Егістіктен мол астық жиналды. Бұл адамдарды аштық қаупінен құтқарды.

Өндірістің өзге саласында да алға басу байқалды.

Адамзат енді аспанға ұшуды армандады. Ол үшін ұшатын аппарат қажет екенін түсінді. Алғашқы ұшақты америкалық ағайынды Райттар жасап шығарды. Олардың ұшағы 1903 жылы әуеге көтерілді.

Мына суреттерге қарап, жүз жылдан сәл асатын уақыттың ішінде авиацияның қалай дамығанын көріңдер.



*ағайынды Райттардың ұшағы (1903)*



*бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ұшақ (1915)*



*дыбыстан жылдам ұшатын ТУ-144 ұшағы (1975)*



*«Эйр Астана» компаниясының Боинг-757 ұшағы (2019)*

XX ғасырдың ортасында ғарыш дәуірі басталды. Жер орбитасында ғарыш стансылары ашылды. Онда әр елдің ғарышкерлері жұмыс істейді.



«Союз» ғарышкесі (2015)



«Мир» орбиталық ғарыш стансысы

Міне, осылайша адам баласы тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейінгі кезеңнен өтті.

XX ғасырдың басында компьютер туралы ешкім білмейтін. Ал бүгін барлық жұмыс компьютермен атқарылады. Ол өткен ғасырдың ортасында ғана пайда болды. Қысқа мерзім ішінде компьютер орасан зор жетістікке жетті. Қазір өмірімізді компьютерсіз елестету мүмкін емес.

*Суреттерге қарап, компьютерлік технология саласындағы прогресті көріңдер.*



Алғашқы компьютерлердің көлемі өте үлкен әрі тұтас залда орналасатын (1946–1960).



Компьютерлердің екінші сатысы шағын, сондай-ақ көптеген есептеу операцияларын орындайды (1960–1969).



Компьютерлердің үшінші сатысы бұрынғыларға қарағанда жылдам әрі ықшамдау болып келеді (1970–1979).



1980 жылдан бастап компьютерлердің төртінші сатысы қолданысқа енді. Жеке компьютерлер (ЖК) дәуірі басталды. Компьютерлер әр үйде, кез келген кеңседе орын алды.

Қазіргі кезде техникалық прогресс көз ілеспейтін жылдамдықпен дамып келеді.

Осы заманғы прогрестің дамуын «Техника жаңарған сайын, жаңара түседі» деп сипаттауға болады.



1. Бүгінгі мектеп болашақта өмір сүруді үйретеді. Қалай ойлайсың, болашақта прогресс көшінен қалмау үшін қандай қабілеттерді жетілдіру керек?
2. «Интернет» сөзінің мәнін түсіндір. Интернет арқылы қандай істерді атқаруға болады?



1. Түрлі дереккөздерді пайдаланып, көлік, байланыс, тұрмыстық техника салаларының даму сатысына мысал келтіріңдер.
2. «Осы заманғы техника адамның өмірін жеңілдете ме, әлде қиындата ма?» Өз ойыңды айт.



1. Өркениеттің дамуында маңызды рөл атқарған өнертабыстың 5–10 түрін ата.
2. Болашақты ойша елестетіп көріңдер. Алдағы 50 жылдың ішінде қандай өнертабыстар дүниеге келуі мүмкін?

# 33

сабақ

## Қазақстанның әлемдегі бейнесі

### СЕН

– «бренд» ұғымының мәні туралы білесің.

### СЕН

– Қазақстанның ұлттық брендин жасауды үйренесің.

**Тірек сөз:** бренд.



*Сен «бренд» сөзін естідің бе? Бұл сөз нені білдіреді?*

**Бренд** – танымал тауар белгісі.

**Бренд** – нақты бір өнім немесе компания жайлы адамдардың ой-санасында қалыптасатын ұғым.

*Сен қандай қазақстандық тауар белгілерін білесің? Мысал келтір.*



*Үлгі:*

– Мен «Ұлытау» тауар белгісін білемін.

– Мен білетін қазақстандық тауар белгілері ...

### Сен білесің бе?

Қазақстандық «Ұлытау» салауатты тағамтану орталығы бие сүтінен жасалған денсаулыққа пайдалы балмұздақ, шоколад, ірімшік және балалардың сүт тағамдарын шығарады. Бұл экологиялық таза өнімнің құрамында қант, зиянды май қышқылдары кездеспейді.



Қазақстанды «Ұлы дала елі» деп те атайды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл атауды Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту салтанатында берген болатын. «Біз тарихымыздың жаңа бетін аштық. Сондықтан бүгін және мәңгілікке біздің Қазақ-

станымыз – Ұлы дала елі. Бұл – Ұлы дала елі, біздің көпұлтты халқымыздың үйі әрі бесігі. Отанымыздың дәл осындай халықтық атауы еліміздің бүгінін, өткені мен болашағын бейнелейді», – деді Н. Назарбаев.



1. Қалай ойлайсың, Елбасы Н. Назарбаев Қазақстанды не себепті «Ұлы дала елі» деп атауды ұсынды?

2. Ақын Олжас Сүлейменовтің «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық» деген сөздері бар. Бұл өлең жолдарының мағынасын қалай түсінесің?

Қазақстан бүгінде тек атауымен ғана емес, басқа да ұлттық бейнесімен әлемге танылды.

*Суреттегілерді ата.*







Суреттер ел өмірінің барлық қырын аша ала ма? Сендер осыған тағы не қосар едіңдер?



Сен енді Қазақстанның ұлттық брендин жасау үшін нені ескеру керек екенін түсіндің. Ол ел есінде қаларлықтай белгі болуы тиіс. Сондықтан қазақстандықтарды әлемдік аренада танымал еткен символдарды, атауларды есімізге түсіріп, өз жобамызды ұсынайық.



1. Топпен жұмыс істей отырып, Қазақстанның ұлттық брендин жасаңдар. Ол үшін сендерге сабақта алған білімдерің көмектеседі. Қажет болған жағдайда қосымша ақпараттар мен әдебиеттерді пайдаланыңдар. Табиғатпен, халықпен, мәдениетпен, тарихи ескерткіштермен байланысты ойластырылған бейнелердің ерекше есте қалатындай нұсқасын ойлап табыңдар. Қысқа ғана сөзбен ел туралы ұран жазыңдар.

2. Енді өз отаныңның (облыс, қала, ауыл) танымал брендин жасай аласың. Ол үшін өз аймақтарыңның табиғаты, атақты адамдары, тарихы мен мәдени ескерткіштерін естеріңе түсіріңдер.

Еліміздің «сыртқы» жарқын бейнесін беру үшін алдымен халықтың отанына деген шексіз махаббатын дәріптеу маңызды. Отанға деген сүйіспеншіліктерің мен құрметтеріңді постер арқылы бейнелеңдер.

# 34 -

сабақ

## Әр алуан тапсырмалар

### I. Тарихи даталар мен оқиғаларды сәйкестендір.

1	1928 жыл	А	Қазақстанның БҰҰ-ға қабылдануы
2	1991 жыл	В	Қазақстанның тәуелсіздік алуы. Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуы
3	1992 жыл	С	Астанада Халықаралық «Болашақ энергиясы» көрмесінің өткізілуі
4	2017 жыл	Д	Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің ашылуы

### II. Сөйлемдерді оқы. Оларды кестеге бөліп жаз.

- Өз идеяң мен пікіріңді еркін айту.
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу.
- Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау.
- Мемлекет істерін басқару.
- Жиналыс, митингі, шеру өткізу.
- Табиғатты қорғау.

Құқықтар	Міндеттер

**III. «Азия елдерінің саяси картасында» Қазақстан аумағының алатын орны қандай? Картаны пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.**

- Қазақстан бірінші кезекте қай елдермен достық қарым-қатынас орнатты? Неге?
- Қазақстан үшін сыртқы байланыс орнату маңызды саналатын Еуропа, Азия, Америка елдері туралы әңгімеле.
- Еліміздің әлемдік аренадағы рөлі қандай?





## СӨЗДІК

**Авиация** – әуе қатынасы құралдарының жиынтығы, әуе флоты.

**Адамзат** – Жер бетіндегі жаратылысы бір халықтың жиынтығы.

**Адам құқығы** – адам мүддесін орындауға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық.

**Академия** – ғылыми қоғамдардың, мекемелердің, оқу орындарының атауы.

**Алдын алу** – түрлі жарақат алудан сақтануға бағытталған шаралар жүйесі.

**Архитектура (сәулет)** – сәулет өнерін жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру.

**Ата-баба** – әкелік тек тұрғысынан алғандағы адамның арғы аталары.

**Ауа райы** – ауаның, жергілікті жердегі температураның, бұлттылықтың, жауын-шашын мен желдің бір мезгілде байқалатын жай-күйі.

**Аудан** – әкімшілік аймақтың бір бөлігі.

**Ауылшаруашылығы** – негізгі саласы егіншілік пен малшаруашылығы болып табылатын материалдық өндірістің маңызды түрі.

**Әкімшілік аумақтық бөлініс** – ел аумағының ұсақ әкімшіліктерге (облыс, аудан, округ) бөлінуі.

**Балет** – музыкалы хореографиялық образ арқылы ой мен мазмұнды беретін сахналық өнердің бір түрі.

**Басымдық** – әлдебір істегі үстемдік, артықшылықты білдіретін ұғым.

**Бренд** – сапалы танымал тауар белгісі.

**География** – Жердің табиғи жағдайын, халқын, шаруашылық ресурсын зерттейтін ғылым.

**Географиялық нысан** – табиғи нысандар (құрлық, мұхит, теңіз, шығанақ, бұғаз, арал, тау, өзен, көл, мұз, шөл т.б.), сондай-ақ елдер, облыстар, қалалар және т.б.

**Геология** – Жер қыртысын, құрылысын, даму заңдылықтарын, беткі бөлігін зерттейтін ғылым.

**Гимназия** – негізгі және жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын, жалпы орта білім беретін оқу орны.

**Глобус** – Жер шарының кішірейтілген үлгісі.

**Ғалым** – ғылымның белгілі бір саласын жетік игерген білімдар адам, маман.

**Ғарыш** – аспан кеңістігі.

**Ғарышайлағы** – ғарышкемелерін, жасанды Жер серіктері мен басқа да ғарыш аппараттарын сынауға, ұшыруға арналған ғимараттар мен техникалық құралдар кешені.

**Ғылым** – табиғаттың адам мен қоғамның даму заңдылығын зерттейтін білім жүйесі.

**Даму** – экономикалық, әлеуметтік т.б. қоғамдық өмір саласының жақсаруы, ілгерілеуі.

**Демократия** – жоғарғы өкімет билігі халықтың қолында болатын қоғамды, мемлекеттік билікті жетілдіріп отыруды ұстанатын басқару формасы.

**Дискриминация** – құқыққа шек қою немесе құқықты жою саясаты.

**Дыбыстан жылдам ұшақ** – ауадағы жылдамдығы дыбыстан да жоғары (ауадағы дыбыс жылдамдығы секундына 330 метрге тең) ұшақ.

**Егіншаруашылығы** – мәдени өсімдіктерді күтіп-баптайтын ауылшаруашылығының бір саласы.

**Жарақат** – адам денесіне түскен жарадан терінің зақымдануы.

**Жасанды орта** – адамның қолымен жасалған қоршаған ортаның бір бөлігі.

**Жер бедері (рельеф)** – Жер бетінің ой-қыры; құрлық беті, мұхит түбі бедерінің жиынтығы.

**Жолдағы қозғалыс ережесі** – көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жолда жүру тәртібі.

**Институт** – арнайы білім беретін жоғары оқу орны.

**Карта (географиялық)** – Жер бетінің белгілі бір масштабта кішірейтіліп, жазықтықта шартты белгілермен бейнеленуі.

**Катаклизм (табиғи)** – табиғаттағы күтпеген жағдайда орын алатын алапат құбылыс, апат.

**Кәсіби мереке** – күнтізбедегі белгілі бір кәсіпке байланысты аталып өтетін мереке.

**Кемсітушілік** – басқалармен салыстырғанда кемсанаушылық.

**Кескіндеме (живопись)** – белгілі бір заттың бетіне бояумен салынған көркем шығарма.

**Климат** – ауа райының белгілі бір аумаққа тән көпжылдық режимі.

**Колледж** – орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**Конституция** – мемлекеттің негізгі заңы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялайтын, оларға кепілдік беретін Ата заң.

**Көшбасшы** – ұжымда немесе топта маңызды рөл атқаратын кез келген әлеуметтік топтың беделді мүшесі.

**КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы)** – 1922 жылдан 1991 жылға дейін өмір сүрген мемлекет. КСРО-ның құрамына 15 республика кірген. Олардың қатарында Қазақстан да бар.

**Қауіпсіздік** – жеке адамның, қоғамның, мемлекет мүдделерінің түрлі қатерден қорғалуы.

**Қоғам** – жеке тұлғаның емін-еркін, бір-біріне тәуелсіз сипатта дамуына мүмкіндік беретін, азаматтық құқықтар орныққан ұйым.

**Құрлық** – жан-жағынан мұхиттар мен теңіздер қоршап жатқан жер бетінің ірі бөлігі.

**Лицей** – негізгі оқу бағдарламасымен жұмыс істейтін, жалпы білім беретін орта оқу орны.

**Малшаруашылығы** – жеңіл және тамақ өнеркәсібін өніммен қамтамасыз ететін ауылшаруашылығының бір саласы.



**Мамандық** – белгілі бір кәсіби дағдыларды меңгерген арнаулы дайындығы, білімі бар адам.

**Маршрут** – негізгі пункттері белгіленіп, алдын ала жоспар құрылған саяхат.

**Масштаб** – сызбада бейнеленген зат көлемінің оның шынайы көлеміне қатынасы.

**Мектептегі өзін өзі басқару** – оқушылардың жауапкершілігін арттыру үшін берілетін ықтималды билік.

**Мәдениет** – 1) белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; 2) адамзат қауымының белгілі бір тарихи кезеңдегі қызметінің өзіндік ерекшеліктері; 3) адам өз қызметінде белгілі бір саланы жетік меңгеруі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.).

**Меридиан** – Карта мен глобуста Жер бетінің солтүстік полюстен оңтүстік полюске қарай ойша жүргізілген сызығы.

**Мұражай** – грекше – «көркемөнер мен ғылымның қамқоршысы» деген ұғымды береді. Әртүрлі тарихи және мәдени бұйымдарды жинау, зерттеу, сақтап, көрме ұйымдастырумен айналысатын мекеме.

**Мұхит** – жан-жағынан материктермен қоршалған орасан зор суайдыны.

**Міндет** – қоғамның талаптары лауазымдық нұсқаулықта бекітілген, орындалуға міндетті әрекеттер.

**Облыс** – мемлекет құрамындағы ең ірі әкімшілік-аймақтық бөлініс.

**Опера** – саз, ән және сахналық көрініске негізделген музыкалық-драмалық шығарма. Көбінесе оркестрдің сүйемелдеуімен орындалады.

**Отбасы** – адамдардың некеге немесе туыстық жақындыққа негізделген тұрмыс ортақтығы, рухани жауапкершілік және бауырмалдық тұрғысынан өзара байланысқан адамдар тобы.

**Отбасы бюджеті** – әдетте бір айға жасалатын отбасылық кіріс пен шығыстың есебі, отбасылық баланс.

**Өлке** – жергілікті жер, ел деген ұғым. Құрамына аудан, облыс, округтер кіретін үлкен әкімшілік аумақтың бір бөлігі.

**Өндіріс** – кәсіпорынның тауар өнімін өндіруді қамтитын қызметінің бір бөлігі.

**Өнеркәсіп** – шикізатты қайта өңдейтін немесе кен өндіретін кәсіпорындарды (зауыт, комбинат, фабрика, кеніш, шахта, электрстансысы) біріктіретін аса маңызды сала.

**Өсімдіқшаруашылығы** – мәдени өсімдіктерді өсірумен айналысатын ауылшаруашылығының бір саласы.

**Параллель** – грекше параллель – «қатар жүруші». Картада Жер бетінің «батыс–шығыс» бағытында экватормен қатар ойша жүргізілген сызығы.

**Прогресс** – бүкіл адамзат тарихы мен қоғамның дамып, алға басу, өрлеу үдерісі.

**Сыртқы саясат** – мемлекеттер мен халықтар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейтін саясат саласы.

**Тасқын** – қар ерігенде Жер бетіндегі ағын сулардың немесе жерасты сулары деңгейінің көтерілуі.

**Табиғат жағдайы** – адам өміріне, шаруашылыққа әсер ететін табиғи орта.

**Табиғат қоры** – қоғамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын табиғи ресурстардың жиынтығы.

**Табыс** – жеке тұлғаның ақшалай, материалдық игілігі.

**Техника** – шаруашылықта қолданатын қондырғылар, мәшине, түрлі құралдың жиынтық атауы, құрал немесе құрылғы.

**ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)** – 1991 жылы құрылған халықаралық ұйым. Бұрын КСРО құрамында болған кейбір мемлекеттер арасындағы іскерлік байланыстарды орнатқан ұйым.

**Тың жер** – өңделмеген жер.

**Университет** – әртүрлі ғылымдар саласынан жоғары білімді мамандар даярлайтын жоғары оқу орны.

**Шаруашылық қызмет** – адамдардың тауар өндіру, сату, қызмет көрсету арқылы табыс табуға бағытталған іс-әрекеті.

**Шығыс** – белгілі бір кезең ішіндегі жұмсалған шығын есебі.

**Шығысты оңтайландыру** – сапалы тауар алуға, аз қаржы жұмсауға құрылған жоспар.

**Ішкі саясат** – мемлекеттің өз ішіндегі адам мен қоғам арасындағы қатынастарды үйлесімді реттеуге арналған саясат түрі.

**Экватор** – картада солтүстік және оңтүстік полюстерден алғанда арақашықтығы бірдей, Жер шарының дәл ортасынан айналдыра жүргізілген сызық.

**Экология** – жанды және жансыз табиғаттың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым.

**Экологиялық проблема** – адамның іс-әрекеті салдарынан табиғи жағдайдың бұзылуы, табиғи ортаның өзгеруі.

**Экономика** – мемлекеттің шаруашылығы, өндірісі, қаражат-қаржысы.

**Экспозиция** – тарихи және мәдени жәдігерлер көрмесі.

**Экспонат** – мұражайға, көрмеге қойылатын зат, жәдігер.

**Экспорт** – шетелдерге шығарылған өндіріс өнімдері мен тауарлардың жиынтығы.

**Этнография** – этностардың шығу тегін, құрамын, мекенін, рухани мәдениетін зерттейтін ғылым.

**Ядролық қару** – жаппай қырып-жоятын қару. Жарылғыш құрылғының қуатына негізделіп жасалады.



Оқу басылымы

**Тұрмашева Ботагөз Қадырқызы**  
**Салиш Салтанат Салишқызы**  
**Пугач Владислава Геннадьевна**

**ДҮНИЕТАНУ**

Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *К. Ысқақова*  
Суретшісі *Д. Айтжанов*  
Көркемдеуші редакторы *З. Ауелбекова*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 010

Теруге 10.02.2019 берілді. Басуға 10.06.2019 қол қойылды. Пішімі 70x100  $\frac{1}{16}$ .  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 11,7. Есептік баспа табағы 5,87.  
Таралымы 200 000 дана. № 4321 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

